

05



САЛЫҚ,
БИЗНЕС ЖӘНЕ
ДЕРЕКТЕР:
БІРІНШІ ТОҚСАННЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

06



ҮНДІСТЕР
ҰЛТ РЕТІНДЕ
ЖЕР БЕТІНЕН ҚАЛАЙ
ЖОЙЫЛЫП
КЕТЕ ЖАЗДАДЫ?



БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

www.qazaq1913.com



QAZAQ



7 10497 93368 1

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 17 (1329), 29.04.2026

+7 (701) 505 48 48



+7 (777) 797 77 88



qazaq1913gazeti@gmail.com



qazaq1913_



qazaq gazeti



qazaq1913

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267–ші санынан қайта жаңғыртты

02

БЕТТЕ

МАМЫРАЖАЙ МАМЫР:

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР МАМЫР АЙЫНДА
ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?



1 мамыр –
Қазақстан халқының бірлігі күні



Күнтізбелік есепке сәйкес, бес күндік және алты күндік жұмыс аптасымен еңбек ететін азаматтардың демалыс күндері әртүрлі болады. Сонда мамыр айында аптасына 5 күн жұмыс істейтіндер 14 күн демалады. Ал, 6 күндік кестемен еңбек ететіндерге 9 күн демалыс қарастырылады.

АБАЙ АМАНАТЫ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІ

04

ТАБИҒАТ ПЕН ТАҒДЫР САБАҚТАСТЫҒЫ

Өңірлік экологиялық саммитте қандай ұсыныстар айтылды?

ФОТО: AKORDA.KZ



Өткен аптада Астанада үш күнге созылған Өңірлік экологиялық саммит аяқталды. Жиын Орталық Азияның экологиялық ахуалына арналғанымен, онда аймақтан ғана емес, әлемнің әр түкпірінен сарапшылар келіп, өзекті мәселелерді талқылады. Сондай-ақ, мамандар мәселелердің нақты шешу жолдарын ұсынды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тұрақты болашақ – ортақ көзқарас» Өңірлік экологиялық саммитінде сөйлеген сөзі де көпшілікке ой салды. Kazinform тілшісі пікірталас алаңында көтерілген экологиялық мәселелерді шешу жолдарына тоқталыпты. Бүгін ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті осы мақаланы көшіріп басады.

Марлан
ЖИЕМБАЙ

■ АРАЛ МАҢЫНЫҢ АХУАЛЫ ҚАЛАЙ?

Бір кездері еліміздің оңтүстік-батысында айдын-шалқар теңіз болғанын қазіргі жас буынға айтсаң, сене қоймас. Арал – көлемі 68 мың шаршы шақырымға жететін, үлкендігі жағынан ғаламдағы үшінші су айдыны еді. Алайда, оған құятын өзендер – Сырдария мен Әмударияның суы ауыл шаруашылығына аса мол мөлшерде қолданылғандықтан, 1960 жылдардан бастап тартыла бастағаны тарихтан белгілі. Бүгінде ұлы дарияның жұрнағы ғана қалған.

02-бетте

ЕУРОПАНЫҢ ЕСЕЮІ НЕМЕСЕ ГЕОСАЯСАТ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРІП ЖАТЫР?

06

СЫНАУ МЕН ҚОЛДАУДЫҢ ҚҰНЫ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢА ТАЛАПТАРҒА САЙ ЖАҢАРА МА?

Соңғы күндері педагогтарды аттестаттау жүйесіне енгізілген өзгерістер қоғамда қызу талқыға түсті. Расында да, ұстаздардың бойында Сират көпірінен өткендей қорқыныш туғызатын аттестаттау ұғымы көпшілік санасында ұзақ уақыт бойы тексеру, қысым, есеп және шексіз талаптармен байланыстырылып келді. Кейде бұл жүйенің түпкі мақсаты қандай еді деген сауалдың туындауы да заңды. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін елдегі мұғалімдерді аттестаттаудың жаңа жүйесіне, оларды сынау мен қолдаудың құны қандай болатынына тоқталады.

Мәлике
ҚУАНЫШЕВА

■ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖҮЙЕ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі педагогтарды аттестаттау қағидаларын қайта қарап, жүйені жаңғыртуға бағытталған жаңа тәсілдерді енді ғана ұсынды. Өзгерістердің негізгі өзегі – мұғалімдерге түсетін артық жүктемені жеңілдету, қағаз-бастылықты азайту және кәсіби қызметті бағалаудың әділ әрі объективті үлгісін қалыптастыру.

03-бетте

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ –

QAZAQ

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ТОҚТАМАЙДЫ.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қазпошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтпайсыз. Сіз ол үшін газеттің Kaspi Gold [4400 4302 2639 4614] картасына қажетті ақшаны [8 айға – 5 200 теңге] аударсаңыз, аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және аты-жөніңізді, ЖСН нөміріңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp [+7 777 797 77 88] нөміріне жіберсеңіз жеткілікті. Содан кейін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға Сізді газетке жаздыртады. Түбіртек жібереді.

ЖАЗЫЛУ
«ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ
БАРЛЫҚ
БӨЛІМШЕЛЕРІ
АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

жеке жазылушылар үшін

64048

мекемелер мен ұйымдар үшін

14048

ҚАЛАЛЫҚТАРҒА:
жеке жазылушылар үшін \ 64048

8 айға - 5 200 теңге

АУЫЛДЫҚТАРҒА:
мекемелер мен ұйымдар үшін \ 14048

8 айға - 6 880 теңге

ҚАЛАЛЫҚТАРҒА:
мекемелер мен ұйымдар үшін \ 14048

8 айға - 8 500 теңге

ҚАЗАҚСТАН МЕН ИЗРАИЛЬ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ ALEM.AI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖИ ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

28 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ицхак Герцог ALEM.AI орталығының қызметімен танысты. Мұнда таланттарды тауып, оларды даярлаудан бастап ЖИ-шешімдерін әлемге таратуға дейінгі технологиялық дамудың толық циклі жүзеге асырылады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Израиль Президентіне Қазақстанның жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын экономика мен әлеуметтік саланың басты бағыттарына енгізудегі негізгі жетістіктері көрсетілді.

Сонымен қатар, мемлекеттер басшыларына Astana Smart City жобасы туралы мәлімет берілді. Ауқымды бастама аясында елорданың жаңа интеллектуалдық инфрақұрылымы қалыптасады.

Айта кетейік, 27 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ицхак Герцогтың келіс-сөзі екі ел делегациясының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Президенттің пікірінше, Ибраһим келісімдері өңірлік тұрақтылыққа, сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыруға берік негіз қалайды.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ: «ЕЛІМІЗДЕ ІТ-САЛА ЕРЕКШЕ ҚАРҚЫНМЕН ДАМЫП КЕЛЕДІ»

Өткен жылдың қорытындысы бойынша ІТ-қызметтер экспорты 1 миллиард доллардан асты. Бұл туралы Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет отырысында айтты.

«Мемлекет басшысы ALEM.AI battle және AI Governance Cup байқауларының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу елімізді жан-жақты жаңғыртудың негізгі факторларының бірі екенін атап өтті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша біз ІТ-қызметтер экспортын 1 миллиард доллардан астам деңгейге жеткіздік. Осы қарқынды сақтап қалу үшін бар күш-жігерді жұмылдыру қажет. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, 2030 жылға қарай жасанды интеллектінің әлемдік экономикаға қосатын үлесі 22 триллион доллардан асады», – деді Үкімет басшысы.

Олжас Абайұлының сөзінше, ІТ-сала ерекше қарқынмен дамып келеді, сондықтан жаһандық ауқымдағы цифрлық бәсекеге қабілетті болу үшін жұмыла жұмыс істеу керек.

«Еліміздің кәсіпорындарында цифрлық технологияларды енгізу өнімнің сапасын, еңбек қауіпсіздігі мен өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектіні тиімді пайдалану үшін инфрақұрылымның даму деңгейі маңызды рөл атқарады. Біздің елімізде ALEM.CLOUD және AL FARABIUM өңірдегі ең ірі суперкомпьютер кластерлері орналасқан. Олар жаһандық TOP-500 рейтингіне кіреді. Мемлекеттік органдар мен бизнес тарапынан жасанды интеллект шешімдерін әзірлеу үшін суперкомпьютердің есептеу қуаттарын бөлуге қатысты өтініштер саны артып отыр. Бұл қолданыстағы көлемдерді ұлғайту және осындай ресурстарды бөлуіңізді икемді саясатын әзірлеу қажеттігін көрсетеді», – деді Премьер-министр.

Жасанды интеллект министрлігіне есептеу қуатының шектеулі болуы тежеуші факторға айналып кетпеуі үшін тиісті шараларды қабылдау тапсырылды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР МАМЫР АЙЫНДА ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?

Күнтізбелік есепке сәйкес, бес күндік және алты күндік жұмыс аптасымен еңбек ететін азаматтардың демалыс күндері әртүрлі болады.

- Бес күн жұмыс істейтіндер үшін:
 - 1 мамыр (жұма) – Қазақстан халқының бірілігі күні;
 - 7 мамыр (бейсенбі) – Отан қорғаушы күні;
 - 9 мамыр – Жеңіс күні (9 мамыр сенбіден 11 мамыр дүйсенбіге ауыстырылады);
 - 27 мамыр (сәрсенбі) – Құрбан айттың бірінші күні.
 - Алты күндік жұмыс аптасы үшін:
 - 1 мамыр (жұма) – демалыс, 2 мамыр (сенбі) – жұмыс, 3 мамыр (жексенбі) – демалыс;
 - 7 мамыр (бейсенбі) – демалыс;
 - 9 мамыр (сенбі) – демалыс, 10 мамыр (жексенбі) – демалыс, 11 мамыр (дүйсенбі) – жұмыс;
 - 27 мамыр (сәрсенбі) – Құрбан айттың бірінші күніне байланысты демалыс.
- Сонда мамыр айында аптасына 5 күн жұмыс істейтіндер 14 күн демалады. Ал, 6 күндік кестемен еңбек ететіндерге 9 күн демалыс қарастырылған.

АЛМАТЫДА МЕТРО ҚҰРЫЛЫСЫНА БӨЛІНГЕН 127 МЛН ТЕҢГЕ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

ҚР Бас прокуратурасы Алматы метрополитенін салу барысында аса ірі көлемдегі бюджет қаражатын жымқыру дерегі бойынша сот үкімі шыққанын мәлімдеді.

Тергеу мәліметінше, «Метрополитен» КМК-ның лауазымды тұлғалары мердігер ұйымдардың басшылары және қызметкерлерімен алдын ала сөз байласып, құрылыс пен жабдықтауға бөлінген қаражатты жымқыру схемасын ұйымдастырған.

Алмалы аудандық соты үкімімен коммуналдық кәсіпорын мен мердігер ұйымның 10 лауазымды тұлғасы кінәлі деп танылып, мүлкі тәркілене отырып, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды. Сонымен қатар, келтірілген шығынды ортақ тәртіппен өтеу міндеттелді.

«Кассациялық қарау барысында сот актілерінің заңдылығы қайта тексеріліп, жымқырылған қаражаттың 127 млн теңгесі үшінші заңды тұлғаның банк шоттарынан анықталған. Прокурордың наразылығы негізінде сот шешімдері өзгертіліп, аталған қаражат мемлекет кірісіне өндірілді», – делінген хабарламада.

Бас прокуратура бұл жағдай мемлекеттік қаржыға қол сұғушылық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығын көрсететінін атап өтті. Сондай-ақ, бюджет қаражатын пайдалану кезінде барлық қатысушылар заңдылық пен ашықтықты сақтауы тиіс екені ескертілді.

ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҢА СПУТНИКТЕРІ ҚАШАН ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ?

Қазақстанның жаңа спутниктері қашан ұшырылады? Бұл сұраққа ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жауап берді.

– Қазақстанда жерді қашықтан зондтау (ЖКЗ) спутниктерінің жаңа буынын қалыптастыру және қолданыстағы топтаманы жаңарту бағытында жүйелі жұмыстар жүріп жатыр. Қазіргі кезде айыру қабілеті орташа KazEOSat-MR сериясына жататын үш спутникті әзірлеу жобасы іске асырылу үстінде. Бұл аппараттар ауыл шаруашылығы, экологиялық мониторинг, жер ресурстарын басқару және төтенше жағдайларды бақылау сияқты салаларда кең ауқымды деректер ұсынуға бағытталған. Спутниктер қазіргі уақытта жинақтау және сынақ кезеңінде, ал олардың ұшырылуы 2027 жылға жоспарланған, – делінген министрліктің KazInfoform агенттігіне берген жауабында.

Сонымен қатар, 2026-2029 жылдарға арналған айыру қабілеті жоғары KazEOSat-HR спутниктерінің топтамасын құру жобасы мақұлданды.

– Бұл спутниктер жоғары дәлдіктегі түсірілімдер арқылы инфрақұрылымдық жоспарлау, жер кадастры, қауіпсіздік және қорғаныс салаларындағы міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, жаңа ЖКЗ спутниктерін іске қосу Қазақстанның ғарыштық мониторинг жүйесін сапалы жаңа деңгейге көтеріп, деректердің дәлдігі мен жеделдігін арттырады, – деп аталып өткен ведомство ақпараттарында.



ФОТО: AKORDA.KZ



ТАБИҒАТ ПЕН ТАҒДЫР САБАҚТАСТЫҒЫ
Өңірлік экологиялық саммитте қандай ұсыныстар айтылды?

01-беттен

Аегенмен, отандық мамандардың ұзақ жылғы табанды еңбегінің арқасында бүгінде Солтүстік Аралда оң динамика байқалып отыр.

– Су қауіпсіздігі – Қазақстан ғана емес, бүкіл Орталық Азия үшін аса маңызды мәселе. Болашағымыз тіршілік нәрін қаншалықты ұтымды әрі әділ пайдалана алатынымызға байланысты. Арал теңізі салғырттықтың салдары қандай қасіретке әкеліп соғатынын еске салып тұрады. Сондай-ақ, ол батыл әрі ғылыми негізді бар жүйелі шаралардың арқасында қандай нәтижеге жетуге болатынын көрсетеді. Бүгінгі таңда Солтүстік Аралдың 36 пайызға жуығы қайта қалпына келтірілді. Судың сапасы жақсарып, балық қоры молайды, маңайдағы елді мекендердің тұрмыс-тіршілігіне қан жүгірді, – деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев саммитте жасаған баяндамасында.

Солтүстік Аралдың суы біртіндеп арнасына толып келе жатқаны қуантады. Әйтсе де, мәселе мұнымен шектелмейді. Ресми дерекке жүгінсек, Аралдың жалпы 6 млн гектар аумағы құрғап қалған. Оның 2,8 млн гектары Қазақстан аумағында. Мамандар тартылған теңіздің табанындағы тұз бен құм айналасындағы аумақтарды шөлейттендірмеу үшін күресіп бағуда.

– Тартылған айдындың орнына 2021 жылдан бері өсімдік егіліп келеді. Бүгінде 1,1 млн гектар жерге сексеуіл және тұзға төзімді т.б. ағаш түрлері отырғызылды, – деп мәлімдеді ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Өңірлік экологиялық саммитте.

Министрдің сөзінше, бұл Қазақстанға ғана қажетті ұлттық жоба емес. Өйткені, шөл мен тұзға төзімді ағаштар трансшекаралық құмды дауылдарға тосқауыл болады әрі күллі аймақтағы экологиялық жағдайға оң әсер етеді. Сол арқылы көрші елдердің де өмір сапасын жақсартады.

■ КАСПИЙ АРАЛДЫҢ КЕБІН КИЕ МЕ?

Өкінішке қарай, соңғы ондаған жылда Каспий теңізінің де тартылып баян жатқаны байқалады. Халықаралық сарапшылар жер серіктері жинаған деректерді зерттеп, талдау жасаған. Нәтижесінде, 1990 жылдардың ортасынан бастап, су деңгейі екі метрге түскені анықталды. Демек, жылына шамамен 7-10 сантиметрден төмендеп отырған. Қазақстанның өзінде соңғы 20 жылда жағалау 30-35 шақырымға шегінген.

Өңірлік экологиялық саммитте Экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЭЫҰ) бас хатшысы Асад Маджид Хан жоғарыдағы фактілерді санамай келе, мәселенің ұшығып тұрғанын атап өтті.

– Каспий теңізі – экологиялық қазына ғана емес, сауда-саттық, энергия және жалпы өмір сүруге қажетті ресурстар үшін ауадай қажет құратамыз, – деді ол.

ЭЫҰ бас хатшысының Каспийге мұндай баға беруі тегін емес. Өйткені, ол арқылы кемемен шығыс пен батыс және солтүстік пен оңтүстік арасында жүк тасымалдауға болады. Теңіздің жағаға жақын тұстары осылай таяздана берсе, тауар айналымына тұсау болуы ықтимал. Маман мәселені көтеріп қана қоймай, шешу жолын да ұсынды. Ол ірі банктерді жобаларды қаржыландыруға үндеді.

– Жуырда жүргізілген зерттеулер теңіз табанын дұрыс жолмен тереңдету порт инфрақұрылымының сапасын жақсартатынын көрсетті. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі мен Экономикалық ынтымақтастық ұйымының Сауда және даму банкі және басқа да серіктестерді осы жұмыстарды кеңейту үшін қолдау білдіруге шақырамыз, – деді Асад Маджид Хан.

Саммит барысында Каспий тақырыбына Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Ясумас Ииджим де айрықша назар аударды. Алдымен ол Қазақстанның зор транзиттік әлеуетіне тоқталды.

Оның сөзінше, Каспий теңізінің су деңгейі төмендей берсе, Орта дәліз жобасы іске аспай қалуы мүмкін. Өйткені, аталған

маршрутта теңізді су көліктерімен кесіп өту жоспарланған. Сондықтан, елшінің пікірінше, Каспийді сақтаудың стратегиялық тұрғыда да маңызы зор.

Демек, Каспийдің тартылмай, таязданбай, сақталуына Жапония да мүдделі. Өйткені, шығыс пен батыс арасында жолаушы және жүк тасымалында аталған теңіздің маңызы орасан. Заманауи ғылым-білімнің шыңына шыққан Күншығыс елі экология секторында қолдауға бейіл екенін өзі білдіріп отырғанда, жауапты мамандар мұндай мүмкіндікті қалт жіберіп алмаса, ұтымдысымыз анық.

Сонымен қатар, қазір Каспий жағасындағы елдер үшін тағы бір аса маңызды түйткіл бар. Ол – жаһандағы геосаяси жағдай қанша ұшықса да, аталған теңіз акваториясында соғысты болдырмау мәселесі. Өте өзекті бұл тақырыпты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қозғады.

– Қазақстан Каспий теңізінің тартылуына жол бермеу үшін мемлекетаралық бағдарлама қабылдау жөнінде бастама көтерді, Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтын құруға ұйытқы болды. Аталған мекеме өңірлік деңгейдегі ғылыми ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Барша мүдделі халықаралық тараптарды табиғаттың осынау асыл қазынасын сақтау жолында күш-жігер біріктіруге шақырамыз. Каспий маңында қарулы күштердің қолданылуына жол беруге болмайды. Оған қатаң тыйым салынуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

■ ҚҰМДЫ ДАУЫЛДАРДЫ ЖӘНЕ ЖЕРДІҢ ШӨЛЕЙТТЕНУІН ТОҚТАТУ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

Жаһандық жылыну, теңіздің тартылуы, су ресурстарының азаюы – мұның бәрі қоршаған ортаға зарарын тигізбей қоймайтыны рас. Атқарылып жатқан қыруар жұмысқа қарамастан, жердің тозуы мен шөлейттенуі қауіп әлі де сейілмей отыр. Шаңды және құмды дауылдар да жиілеп барады. Мамандардың сөзінше, ондай қауіп еліміздің орталық, оңтүстік және батыс аймақтарында байқалады. Әсіресе, батыс, оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс өңірлерде құмды дауылдар тым жиі соғатын болған. Мұндай негізгі ошақтар ретінде Арал маңын, Мойынқұмды, Каспийдің солтүстігін және Ақтөбе облысын атауға болады.

– Бұл жерде әңгіме жергілікті емес, анағұрлым кең аумақты қамтитын экологиялық мәселе жөнінде болып отыр, – деді Ерлан Нысанбаев саммитте.

Проблеманың ұзақ мерзімді әрі жүйелі шешімдері де қарастырылған. Мәселен, жердің тозуы мен шөлейттенуін тоқтату және алдын алу үшін орман жолақтары пайда болмақ. Олардың ені 60-100 метр аралығында болады және құмды дауылдар жиі соғатын аймақтарда өсіріледі.

– Бұл жобаның бірнеше салада тиімділігі бар, – дейді министр.

Кеңірек тоқталсақ, экологиялық пайдасы – жердің тозуы мен шөлейттену көрсеткішін төмендетеді; экономикалық ұтымдылығы – ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіруге оң әсерін тигізеді; әлеуметтік тиімділігі – жаңа жұмыс орындары ашылады; инфрақұрылымдық пайдасы – тас жолдар мен теміржол желілерін, логистикалық дәліздерді қорғайды.

Жалпы, елімізді көгалдандыру бағдарламасы кеше ғана басталған іс емес. Бұрыннан жүзеге асып келеді.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Қорыта айтқанда, су тапшылығы, су айдындарының тартылуы, жердің тозуы мен шөлейттенуі, құмды дауылдардың жиілеуі, ауаның ластануы – мұның бәрі Орталық Азия және бүкіл ғаламшардағы ұшығып тұрған мәселелер. «Жауау-дың шаңы, жалғыздың үні шықпайтыны» секілді, экологиялық мәселелерді де бір ел, жалғыз қоғам шеше алмайды. Сондықтан, ортақ үйімді – Жердің және келешек ұрпақтардың тағдыры мен қамы үшін барлық мемлекеттердің біріккені абзал.

– Жарқын мысал ретінде Астананың айналасына 1997 жылдан бастап өсірілген жасыл белдеуді атауға болады. Бүгінде аталған орман алабының көлемі – 102 мың гектар. Демек, топырағы ағаш өсіруге құнарсыз жердің өзіне ғылымның, ұзақ мерзімді жоспардың және кәсіби жұмыстың арқасында орман жайқалтуға болады, – деді Ерлан Нұрәліұлы.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысының тапсырмасымен, бұл мақсаттағы жұмыстар әлі де жалғасып жатыр.

– Мемлекеттік орман қорында 2 млрд, ал елді мекендерде 15 млн ағаш отырғызу жоспарда бар. Бұл жобалар елдің «жасыл қаңқасын» қалыптастырып, климаттық өзгерістердің алдын алады әрі халықтың өмір сапасын жақсартады, – деді министр.

Оның сөзінше, 2021 жылдан бері мемлекеттік орман қорында 1 млрд 648 млн көшет отырғызылған. Ал, елді мекендерде 18,1 млн ағаш егілген.

■ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЖАСЫЛ ҚАЛҚАНЫ» БАСТАМАСЫ

Жоғарыда жазылған жұмыстар – шын мәнінде, ауқымды жобалар. Алайда, шаңды және құмды дауылдарға елдердің шекарасы бөгет бола алмайды. Мәселен, Өзбекстанда не Түрікменстанда соққан жел-дауыл Қазақстан аумағына келгенде, тоқтат қалмасы анық. Ол бір орында тұрмай, бүкіл өңірге тарайды. Сондықтан, сарапшылар экологиялық күресте аймақтағы барлық ел бірігуі тиіс екенін айтады. Сол себепті, еліміз көрші мемлекеттерді «Орталық Азияның жасыл қалқаны» бастамасын бірлесіп жүзеге асыруға шақырып отыр.

– Біз тиісті резолюцияға қол қоюды, өңірлік бағдарламаны іске қосуды, нақты жұмыс аймақтары мен өзара бірлесіп әрекет ету механизмдерін бекітуді ұсынамыз. Орталық Азия елдеріндегі әріптестерімізбен айтарлықтай дайындық жұмысы атқарылды, – деді министр.

Бағдарламаға Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қырғызстан атсалысады. Халықаралық серіктестер ретінде экология бағытында жұмыс істейтін халықаралық ұйымдар мен қорлар қарастырылып жатыр.

Ерлан Нысанбаевтың сөзінше, бұл бастама азық-түлік қауіпсіздігін, табиғи ресурстарды тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Демек, еліміз саяси декларацияны ғана емес, іс жүзінде жүзеге асыруға болатын тиімді жобаны ұсынып отыр. Орталық Азиядағы бес мемлекеттің әрқайсысы өз аумағындағы қай өлкелерге орман өсіретінін өздері шешеді. Бірақ, соның бәрі аймақ үшін ортақ жасыл қалқанға айналады.

– Қазақстан қазірдің өзінде ағаш егу бойынша аймақтағы ең ірі жобалардың бірі іске асырып жатыр. Келесі қадам – жүйелі қорғаныс инфрақұрылымын құру. «Орталық Азияның жасыл қалқаны» – жаңа өңірлік экологиялық модель. Ол күллі аймақтың тұрақтылығына әсер етеді, – деді Ерлан Нұрәліұлы.



ОРЫНДАЛҒАН АМАНАТ

МҰХТАР ШАХАНОВ
ТУҒАН ЖЕРІНІҢ ТОПЫРАҒЫНА ЖЕРЛЕНДІ



КЫРГЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЛМАТЫ ШААРЫНДАҒЫ БАШКЫ
КОНСУЛДУГҮНҮН
КАЗАКСТАНДЫҢ ЭЛ ЖАЗУУЧУСУ ЖАНА
КЫРГЫЗСТАНДЫҢ ЭЛ АҚЫНЫ
МҰХТАР ШАХАНОВДҮН ДҮЙНӨДӨН
КАЙТКАНДЫҒЫНА БАЙЛАНЫШТУУ
КӨҢҮЛ АЙТУУСУ

Кадырлуу бир тууган казак эли!

Кыргыз Республикасынын Алматы шаарындагы Башкы консулдугу көрүнүктүү казак акыны, драматург, коомдук ишмер, Казакстандын эл жазуучусу, Кыргызстандын эл акыны Мухтар Шахановдун дүйнөдөн кайткандыгы тууралуу кабарды терең кайгыруу менен кабыл алды.

Улуу калемгер Мухтар Шахановдун чыгармачылыгы эки элдин бир тууганчылыгын арттырууда өчпөс из калтырган руханий казына катары бааланып, убагында агабызга Кыргыз эл акыны наамы ыйгарылган.

Белгилүү мамлекеттик жана коомдук ишмер, Казакстандын Кыргызстандагы тунгуч элчиси Мухтар Шаханов агабыз Кыргыз эл жазуучусу Чыңгыз Айтматовдун чыгармачылык үзөңгүлөшү, жакын досу болгон.

Мухтар агабыздын чыгармалары окурмандарынын жүрөгүндө түбөлүккө сакталып, адабий мурасы жашай берет деп ишенебиз.

Боордош казак элинин кайгысын тең бөлүшүү менен бирге, маркумдун жакындарына терең кайгыруу менен көңүл айтабыз.

Мухтар агабыздын жанын Жараткан жаннатка берсин, жаткан жери жайлуу болсун!

Терең кайгыруу менен,
Кыргыз Республикасынын
Алматы шаарындагы Башкы консулдугу.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту хатын Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев оқып беріп, ақынның ұлттық мүдде жолындағы еңбегі мен Желтоқсан оқиғасының ақиқатын ашудағы батылдығын ерекше атап өтті.

Сондай-ақ, Мәжіліс Төрағасының хатын депутат Жанарбек Әшімжан жеткізсе, Түрксой ұйымы атынан Ұлықбек Есдәулет ақынның түркі әлеміндегі орнына тоқталды. Қоштасу рәсіміне Қыргыз Республикасынан арнайы делегация қатысып, Президент Садыр Жапаровтың көңіл айту хатын табыстады.

Рәсімнен кейін Мұхтар Шахановтың денесі Түркістан облысына жөнелтілді. Ақын тірі кезінде өзін туған жері Отырар өңірінде жерлеуді аманат еткен болатын.

22 сәуірде Отырар ауданында қалың жұрт Мұхтар Шахановпен қоштасты. Ақынның аманатына сай, жаназасы оқылып, туған жерінің топырағына жерленді.

Қоштасу рәсіміне еліміздің әр өңірінен келген зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, оқырмандар қатысып, ақын рухына тағзым етті. Қаралы жиынында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров сөз сөйлеп, Мұхтар Шахановтың қазақ руханиятындағы орны айрықша екенін атап өтті.

«Қазақ руханияты ауыр қазаға ұшырады. Мұхтар Шаханов – ұлт мүддесін бәрінен биік қойған қайсар тұлға. Ол саналы ғұмырын тіл мен дәстүрді ұлықтауға арнады, поэзияны жаңа биікке көтерді», – деді өңір басшысы.

Жиында Мәжіліс депутаттары мен зиялы қауым өкілдері сөз алып, ақынның азаматтық ұстанымы мен шығармашылық мұрасын ерекше құрметпен еске алды. Ас беріліп, Құран бағышталып, маркумның рухына дұға жасалды.

Мұхтар Шаханов – тек ақын емес, ұлттық сөзін сөйлеген қайраткер еді. Ол өз шығармашылығында да, қоғамдық қызметінде де ұлттық мүддені бірінші орынға қойды. Сондықтан да, оның есімі халық жадында тек әдебиет өкілі ретінде емес, елдік мәселелерде үн көтерген тұлға ретінде сақталады. Бүгін біз бір адамды ғана емес, бір дәуірдің дауысын жоғалтқандай күй кешіп отырмыз. Бірақ, оның сөзі, оның үні, оның рухы – халықпен бірге жасай береді. Мұхтар Шахановтың орны – әрдайым биік, әрдайым бөлек.

Қали ҚАМБАРОВ

Астана қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бас-тамасымен Өңірлік экологиялық саммиті өз жұмысын бастады. БҰҰ, бір-біріне жақын өңірлік ел басшылары және басқа да халықаралық ұйымдармен бірге ұйымдастырылған диалог алаңы – экожүйелерді, су және жер ресурстарын қорғауға, Орталық Азия өңірінің биоауантүрлілігін сақтауға бағытталған. Саммит аясында ұйымдастырылған «RE 2026 EXPO» халықаралық көрмесіне Абай университетінің делегациясы арнайы қатысып, ғалымдардың экологиялық тың жобаларын жиналғандардың назарына ұсынылды.

Өңірлік экологиялық саммит

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
САММИТ КӨРМЕСІНЕ ҚОЙЫЛДЫ

КОЛЛАЖ: АЙНУР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ



СЫНАУ МЕН ҚОЛДАУДЫҢ ҚҰНЫ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢА ТАЛАПТАРҒА САЙ ЖАҢАРА МА?

01-беттен

Осыдан 8 жыл бұрын қолданысқа енген тест жүйесі әр бес жыл сайын педагог біліктілігін анықтап, нәтижесіне қарай санат пен жалақыға әсер етіп келген еді. Жүйе түсінікті болғанымен, оның орындалу тетіктері сынға көп ұшырады. Мәселен, алғашқыда мұғалімдердің тек аз бөлігі ғана шекті ұпай жинапты. Кейін көрсеткіш жоғарыласа да, кей облыстарда сынақтан өте алмағандардың үлесі әлі де жоғары. Бұл жағдай мұғалімдердің білім деңгейінен гөрі, тест мазмұны мен сапасына қатысты басы артық сұрақтарды көбейтті.

Бұдан бөлек, тестілеудің айналасында қалыптасқан бейресми «нарық» та бұқараның назарын өзіне аударды. Ақылы негіздегі дайындық курстары мен қайта тапсыру мүмкіндігі, тіпті тест сұрақтарының таралуы жөніндегі әңгімелер жүйенің беделіне нұқсан келтірді. Осы арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін күшейтіп, педагогикалық мәдениетке де кері әсер еткені анық.

Тағы бір өткір мәселе – ауыл мұғалімдерінің жағдайы. Елдегі педагогтардың шамамен 65 пайызы ауылда тұрады екен. Олар тест тапсыру үшін аудан орталығына қатынап, қосымша шығын мен уақытты жоғалтты. Бұл да теңсіздік туғызатын факторлардың бірі еді.

■ СЕГІЗ ЖЫЛ КҮТПІРГЕН СҮЙІНШІ ХАБАР

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова атап өткендей, жаңартылған модельдің ең маңызды тұстарының бірі – педагогтардың басым бөлігі үшін пәндік білім бойынша міндетті тестілеудің алынып тасталуы. Бұл жаңалықты министрдің өзі сүйінші сұрап хабарлағанда, ұстаздар қауымының оған «махаббаты» арта түскені жасырын емес.

Енді тестілеу тек педагогикалық жұмысқа жаңадан қабылданатын жас түлекке, қызметіне қайта оралған мұғалімдерге, білім беру мекемесінің басшылары, олардың орынбасарлары мен әдіскерлерге ғана қатысты болмақ. Ал, тәжірибелі педагогтар үшін бағалау тәсілі түбегейлі өзгереді. Басты назар енді тест қорытындысына емес, мұғалімнің күнделікті еңбегіне, кәсіби шеберлігі мен білім сапасын арттыруға қосқан нақты үлесіне аударылады. Бұл – формализмнен арылып, шынайы нәтижеге негізделген бағалау жүйесіне көшу дегенді білдіреді.

Осылайша, жаңа модель педагогті тек

«тексеру нысаны» ретінде емес, кәсіби дамуға ұмтылған тұлға ретінде қарастыруды көздейді. Ал, мұндай ұстаным саланың сапасын арттырумен қатар, ұстаз еңбегінің қадірін де арттыра түсері анық.

■ ҰСТАЗДЫҢ ПЛАТФОРМАСЫ

Аттестаттауға қойылатын талап та түбегейлі қайта қаралып жатыр. Бұрын ұстаздар үшін міндеттелген эссе жазу, ғылыми мақалалар жариялау, авторлық бағдарламалар мен оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу секілді талаптар енді болмайды. Өйткені, бұл міндеттер атқа күш, арбаға жүк, яғни ұстазға қосымша жүктеме, оқу сапасына да пайдасыз.

Енді басты назар – мұғалімнің қағаз жүзіндегі емес, нақты кәсіби қызметінде. Осы бағытта министрлік аттестаттау процесін толық цифрландыруды көзден отыр. Жаңа жүйеге сәйкес, барлық біліктілік санаты бойынша бағалау мемлекеттік ақпараттық жүйелермен ықпалдастырылған «Ұстаз» платформасы арқылы жүзеге асады. Платформа педагогтың еңбек өтілі, біліктілік деңгейі, кәсіби жетістіктері, алған сертификаттары мен портфолиоға қажетті өзге де мәліметті автоматты түрде жинақтайды. Яғни, бұрынғыдай қағаз жинап, құжат түгендеуге ешкім уақыт жоғалтпайды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, тестілеуден сәтті өтіп, шекті балл жинап, портфолио тапсырған мұғалімге тиісті біліктілік санаты бойынша үстемеақы 1 қыркүйектен бастап төленеді. Ал, алғашқы тестілеуде межеден өте алмаса да, талапқа сай портфолиосы бар ұстазға шілде айында қайта мүмкіндік беріледі. Егер қайта тестілеу нәтижесінде де қажетті балл жиналмаса, тиісті біліктілік санаты берілмейді.

Дегенмен, қайта сынақтан өтуді қаламайтын педагогтар үшін де балама жол қарастырылыпты: олар биыл қыркүйектен бастап пилоттық режимде енгізілетін жаңа модель аясында аттестаттауға қатыса алады.

■ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САҚТАЛАДЫ

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы – Атырау облысы бойынша кәсіби даму институты директорының орынбасары Балауса Жалмұханова бұл өзгерісті білім беру жүйесіндегі маңызды кезең деп түсіндіреді.

– Жаңа аттестаттаудың енгізілуі – Қазақ-

станның білім беру жүйесінде тағы бір маңызды белес дер едім. Министрлік педагогтарды аттестаттаудың жаңартылған моделін ұсынып, мұғалімдердің мәртебесі мен жұмыс жағдайын жақсартуға бағытталған түбегейлі өзгерістерді жариялады. Реформаның басты мақсаты – мұғалімді «есеп беруші» рөлінен арылтып, оның назарын білім сапасына аудару, – деді Балауса Қонысбайқызы.

Жаңа модельдің ең үлкен жаңалығы – міндетті тестілеуді (ҰБТ) және эссе жазу, ғылыми мақалалар жариялау, авторлық бағдарламалар мен оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу талаптары енді болмайды екен. Бұрын мұғалімдер айлап құжат жинап, портфолио дайындап босқа араптер болатын. Енді бұл үрдіс толықтай цифрландырылады. «Ұстаз» платформасы мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланып, педагогтың еңбек өтілін, біліктілік сертификаттары мен жетістіктерін автоматты түрде жинақтайды. Бұл академиялық адалдықты сақтап, адам факторының әсерін барынша азайтуға мүмкіндік бермекші.

Бағалауда енді мұғалімнің практикалық жұмысына, тәрбие бағытындағы еңбегі мен өз тәжірибесін әріптестерімен бөлісу (трансляциялау) деңгейіне мән беріледі. Жаңа аттестаттау жүйесі бойынша мұғалім уақытын артық есепке емес, білім алушының болашағына жұмсауы тиіс. Министрліктің бұл қадамы білім беру саласындағы кәсіби ортаның объективті, ашық және ынталандырылуы болуын қамтамасыз етеді деген сенім кәміл.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Педагогтарды аттестаттау жүйесіндегі өзгерістер – талапты жеңілдету ғана емес, ұстаз еңбегінің мазмұнын қайта бағамдауға бағытталған маңызды бетбұрыс. Қағаз-бастылықтан арылып, мұғалімнің күнделікті еңбегі мен нақты нәтижесіне мән беру білім сапасын арттырудың тиімді жолы екені анық. Әрине, кез келген жаңашылдықтың бастапқы сатысында күмән мен күдіктің туындауы заңды. Уақыт өте келе жүйенің өміршеңдігі оның ұстазға қаншалықты қолайлылығы, ал шәкіртке қаншалықты пайдасы нәтиже беретіндігімен өлшенеді.

Ең бастысы, аттестаттау мұғалімді қажытатын сынақ емес, кәсіби дамуға жетелейтін мүмкіндікке айналуы тиіс. Себебі, білікті ұстаз – сапалы білімнің кепілі. Ал, сапалы білім – ел болашағының берік іргетасы.



Өңірлік экологиялық саммиттің пленарлық отырысына Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Армения, Түрікменстан, Моңғолия және Грузия мемлекеттерінің президенттері қатысып, сөз сөйледі. Сондай-ақ, маңызы жағынан ауқымды саммитке БҰҰ мен жетекші халықаралық ұйымдардың (ЕҚҰЫ, ЭҰЫ, ЭЫДҰ, ТМҰ, ШЫҰ, ЕЭК, ИСЕСКО, АӨСШК, т.б.) және қаржы институттарының (АДБ, ЕҚКДБ, Дүниежүзілік банк, Ислам даму банкі) өкілдері де келген.

Пленарлық отырыста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдерінің экологиялық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын жеткізді.

– Елдеріміз тұтас экожүйеде өмір сүреді. Өзен-көлдер де, табиғи ландшафттар да, климаттың қауіп-қатерлері де баршамызға ортақ. Ең бастысы, жауапкершілікті теңдей бөлісеміз. Орталық Азия мен көршілес аймақтар ұқсас экологиялық сын-қатерлерге тап келді. Атап айтқанда, су тапшылығы мен су ресурстарын тиімсіз басқару, шөлейттен, мұздықтардың еруі, ауаның ластануы және биоауантүрліліктің жойылу қаупі. Мен ең негізгі сын-қатерлер мен проблемалардың мәнін ашып, әдейі түстеп отырмын. Өйткені, күш жұмылдыру арқылы аталған мәселелерді шешуде оң нәтижеге жетеміз. Бұған кәміл сенемін, – деді Президент.

Саммит аясында ұйымдастырылған көрмеге Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп, Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Сұлтан қатысты. Мәртебелі қонақтарға Абай университетінің ғылыми жобаларын Жаратылыстану және география факультетінің деканы Күләш Каймулдинова, Биология кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а. Махаббат Аманбаева, Химия кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ербол Тілеуберді, Инновациялар және нанотехнологиялар зертханасының жетекшісі Виктор Лысенко таныстырды.

Көрмеде «Abai University: Тұрақты даму жолында» тақырыбында 5 жоба таныстырылды. Оның ішінде электронстанция, жасыл университет, экопарк және құм-топырақты жыныстардан мұнайды бөлуге арналған жылжымалы қондырғы бар. «Баламалы электронстанция» жобасы алыс объектілерді электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін түрлі қуаттылықтағы экологиялық таза баламалы электр станцияларын құруға бағытталған.

«Green University» тұжырымдамасы маңызды экологиялық іс-шараларды, энергия тиімділігін арттыруды, экологиялық білім беру бағдарламаларын енгізуді, аумақты көгалдандыруды және жақсартуды, жасыл технологияларды енгізуді және басқа да бағыттарды қамтиды. Ал, «Biohumus» жобасы – зерттеу калифорниялық қызыл құрттарды пайдалану арқылы органикалық қалдықтардан биогумус өндіру үдерісін қарастырады.

Сонымен қатар, университеттің студенттік «Аяла» экоклубы таныстырылды. Бұл ұйым – экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, тұрақты ойлауды дамытуға және университет пен қоғам деңгейінде өзекті экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған білім алушылардың ерікті бірлестігі. Мұнай шыламдарын және мұнаймен ластанған топырақты залалсыздандыра отырып, жыныстардан мұнайды бөлуге арналған «Жылжымалы қондырғы» ғылыми жобасы да келушілердің қызығушылығын туғызды.

Өңірлік экологиялық саммит жұмысы 24 сәуірге дейін жалғасты. Халықаралық жиын қорытындысында өңірдің экожүйесіне қатысты тың бастамалар қабылданды.

«Abai University» медиа орталығы

«ЖК «RAMS CITY» МҮЛІК ИЕЛЕРІНІҢ БІРЛЕСТІГІ МӨРІНІҢ ЖОҒАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН. БСН 240540031472. Байланысу үшін телефон нөмірі: +7 701 391 38 68

2026 жылғы 23 сәуірде Астана қаласындағы «Назарбаев Университет» ДББҰ жанындағы Institute of New Materials and Energy Technologies базасында сирек және сирек жер материалдар саласындағы флагмандық ғылыми бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша кеңес өтті.

СИРЕК МЕТАЛДЫҢ БӘСІ БИІК

ЕЛІМІЗДЕ ЭНЕРГЕТИКАҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА БУЫН МАТЕРИАЛДАРЫ ӨЗІРЛЕНЕДІ



Іс-шараны ұйымдастырушы – 2027-2031 жылдарға арналған бағдарламаның негізгі әзірлеушісі болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясы. Кеңес жұмысына ҚР ҰҒА академиктері, Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің өкілдері, ҚР Ұлттық ядролық орталығы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, Ядролық физика институты, сондай-ақ еліміздің жетекші ғалымдары қатысты.

Талқылаудың негізгі өзегінде Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің экономиканың қажеттіліктеріне бағдарланған басым ғылыми-технологиялық бағыттарды қалыптастыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында әзірленген «Қазақстан Республикасының энергетика саласында жаңа буындағы сирек және сирек жер материалдарын өндіру мен қолдануға арналған ғылыми-технологиялық базаны құру» бағдарламасы болды.

Бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанда сирек және сирек жер металдарын терең өңдеуге, сондай-ақ ядролық, сутектік және болашағы зор термоядролық энергетика үшін жоғары технологиялық өнімдер жасауға арналған ғылыми-технологиялық негіз қалыптастыру.

Кеңесті ашқан Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев бұл бағыттың стратегиялық маңызын ерекше атап өтті: «Бүгінде сирек және сирек жер металдары мәселесі Қазақстан үшін тек геология немесе шикізатты өңдеу мәселесі ғана емес. Бұл – технологиялық тәуелсіздік, энергетиканы дамыту, жаңа индустрияларды қалыптастыру және түптеп келгенде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі», – деген болатын.

Оның айтуынша, Қазақстанның ресурстық әлеуеті зор болғанымен, қосылған құнның негізгі бөлігі әлі де терең өңдеу және материалдар өндіру кезеңдерінде қалыптасып отыр. «Бізде шикізат бар, алайда оны өндіруден бастап түпкілікті жоғары технологиялық өнім шығаруға дейінгі құн тізбегін жеткілікті деңгейде бақылап отырған жоқпыз», – деді Ақылбек Қажығұлы.

Кеңес барысында шикізат базасын зерттеуден және оны алу технологияларын әзірлеуден бастап, жоғары тазалықтағы қосылыстар алуға және энергетика мен өнеркәсіпте қолданылатын материалдар жасауға дейінгі тұтас ғылыми-технологиялық тізбекті қалыптастыру мәселелері қаралды.

Бағдарлама стратегиялық маңызы бар бірқатар бағыттарды қамтиды. Атап айтқанда, сирек жер шикізатын өңдеу технологияларын әзірлеу, жаңа буындағы жоғары температуралы асқын өткізгіштер жасау, ядролық қауіпсіздік саласына цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект элементтерін енгізу, сондай-ақ сутектік технологияларды дамыту көзделген.

Талқылау қорытындысы бойынша қатысушылар 2027-2031 жылдарға арналған флагмандық ғылыми-техникалық бағдарламаны іске қосу, ведомствоаралық жұмыс тобын құру, басым бағыттар мен пилоттық жобалар тізбесін қалыптастыру, сондай-ақ оны іске асырудың жол картасын әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды қарастырды.

«Бүгін декларативті емес, нақты практикалық шешім қабылдау маңызды – осы бағдарламаны флагмандық ғылыми-технологиялық жоба ретінде іске қосу қажет. Бұл Қазақстанға шикізаттық модельден жаңа экономиканы қалыптастыратын технологиялар мен материалдар жасау моделіне көшуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті ҚР ҰҒА президенті.

INMET бас директоры, ҚР ҰҒА академигі, NU профессоры Жұмабай Бәкенов флагмандық бағдарламаның негізгі бағыттары мен мазмұнын таныстырды.

«Бағдарлама аясында ресурс қорын зерттеу, сирек және сирек жер элементтерін алу мен өңдеу технологияларын әзірлеу, оларды қолдану, соның ішінде жасыл модульдік реакторларда пайдалану, сондай-ақ қазақстандық шикізат негізінде «жасыл» сутегі өндірісін жергіліктендіріп, дамыту көзделген», – деді INMET бас директоры.

Бағдарламаны іске асыру Қазақстанда сирек және сирек жер материалдар саласында толыққанды ғылыми-технологиялық тізбек қалыптастыруға, отандық өнімнің қосылған құнын арттыруға, технологиялық тәуелділікті төмендетуге және экономиканың жаңа жоғары технологиялық салаларын дамытуға негіз қалауға мүмкіндік береді.

Уақыт алмасқан сайын адамзаттың алдындағы сауалдар да тереңдей түсуде. Бір дәуірде қоғамды өндіріс пен экономика толғандырса, бүгінгі күннің басты тақырыбы – сана, технология және руханияттың өзара үйлесімі. Жасанды интеллект адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, ғылым шекарасы кеңейген сайын адам баласы өзінің кім екенін, қандай құндылықтарға сүйеніп өмір сүретінін қайта зерделей бастады. Осындай алмағайып кезеңде ұлттың рухани темірқазығына айналған Абай мұрасы бұрынғыдан да өзекті естіледі. Себебі, Абай ілімі тек өткеннің аманаты емес, болашаққа бағыт беретін парасат мектебі.

Индира БІРЖАНСАЛ

Бүгінгі буын технологияны меңгерумен қатар, ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтарды сақтай алғанда ғана өркениетті қоғам қалыптастыра алады. Ғылым мен руханият қатар өрілген жерде ғана елдің еңсесі биік, келешегі кемел болмақ. Осындай терең ойлар мен тағылымды пікірлер тоғысқан мазмұнды кездесу С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде өтті. Университет қабырғасында қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, экономика ғылымдарының докторы, академик Оразалы Сәбденмен кездесу ұйымдастырылып, онда «Абай әлемі, Қазақстанның болашағы және жасанды интеллект» тақырыбы кеңінен талқыланды.

Кездесуді ҚазҰМУ-дың бірінші проректоры Қайдарова Дилара Радикқызы ашып, көтеріліп отырған мәселелердің университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері үшін маңызы зор екенін атап өтті. Ол қазіргі қоғамдағы өзгерістер кезеңінде ғылым мен руханият сабақтастығын зерделеудің өзектілігіне тоқталды. Өз баяндамасында Оразалы Сәбден елдің өркендеуі ең алдымен қоғамдық сананың



жаңаруымен тығыз байланысты екенін айтты. Академик ғылым мен білімнің мемлекет болашағындағы рөліне ерекше назар аударып, жаһандық үдерістерден қалмаудың жолы – білім мен технологияны дамыту екенін жеткізді. Осы орайда ол ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының мұрасына тоқталып, хәкімнің ғылым мен білім туралы ойларының бүгінгі күні де өміршең екенін атап өтті. «Ғылымға көңіл бөлсеңіз, бәрі келеді: даму да, байлық та, жарқын болашақ та» деген Абай қағидасының мәні қазіргі заманда тіпті тереңдей түскенін тілге тиек етті Оразалы Сәбден. Академик өз сөзінде адамзат өркениеті жаңа технологиялық кезеңге қадам бас-

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

АБАЙ АМАНАТЫ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІ



қанымен, ғылым мен білімнің құны ешқашан төмендемейтін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, жасанды интеллект дәуірінде бәсекеге қабілетті ел болудың басты шарты – ойлы ұрпақ тәрбиелеп, ғылымға бет бұру. Оразалы Сәбден Абайдың даналығы тек әдеби мұра емес, бүгінгі қоғамға бағыт-бағдар беретін өмірлік ұстаным екенін әсерлі жеткізді. «Технология адамға қызмет етуі керек, ал адам руханияттан алыстамауы тиіс» деген ой айтқан ғалым ұлттық құндылық пен заманауи білім қатар дамығанда ғана Қазақстанның болашағы баянды болатынын тілге тиек етті. Оның терең мазмұнды пікірі студент жастарды үлкен жауапкершілікке үндеп, ғылымға деген құлшынысын арттыра түсті. Баяндама барысында жасанды ин-

теллект тақырыбы кеңінен қозғалды. Осы тұрғыда академик көптеген сұрақтардың жауабын Абай ілімінен іздеу қақтатпай айтты.

Кездесуде ұлттық болмыс пен рухани тамыр мәселесіне де айрықша мән берілді. Түркістанның рухани орталық ретіндегі тарихи миссиясына тоқталып, ұлттық сананы нығайтуда рухани құндылықтардың орны ерекше екенін жеткізді. Сондай-ақ, академик «XXI ғасырды саналы қоғам мен білімге негізделген өркениет дәуірі» деп бағалап, Қазақстанның болашағы мемлекет, ғылым, бизнес және қоғам арасындағы үйлесімді байланысты қалыптастыруға тәуелді екенін айтты. Оның пікірінше, интегралды қоғам құру уақыт талабы. Студент жастарға қарата сөйлеген сөзінде Оразалы Сәбден қазіргі заманның бір ғана мамандықпен шектелмейтінін айтып, жан-жақты, интегралды білімнің маңызын түсіндірді. Сонымен қатар, әр азамат өзінің тегін, мәдениеті мен салт-дәстүрін терең білуі қажет екенін айтты.

Кездесу ашық диалог форматында өтіп, студенттер мен оқытушылар көкейлеріндегі сауалдарын қойып, еркін пікір алмасты. Іс-шара соңында академик өз авторлық кітаптарын таныстырып, қатысушылармен емен-жарқын әңгіме өрбітті. Осындай жүздесулер жастардың дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, ұлт болашағына деген жауапкершілікті терең сезіндіретін рухани алаң. Ғылым мен технология қанша дамыса да, адамды адам етіп ұстап тұратын күш оның рухы мен санасы екені осы кездесуде айқын аңғарылды. Абай аманаты мен заманауи білімді ұштастыра білген қоғам ғана болашақтың биік белесіне көтеріле алмақ.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Тағылымды кездесу тек ой алмасқан жиын емес, рухани серпіліс пен санаға сәуле сыйлаған мазмұнды басқосу болды. Абай мұрасы мен заманауи технологияның тоғысқан тұсында айтылған әрбір пікір жастарға терең ой салды. Себебі, жасанды интеллект қаншалықты дамыса да, адамзаттың шынайы болмысын айқындайтын күш – парасат, руханият және ұлттық құндылықтар болып қала бермек. Оразалы Сәбден көтерген келелі ойлар ғылым мен адамгершілік егіз ұғым екенін тағы бір мәрте ұқтырды. Бүгінгі жас буын технологияны игеріп қана қоймай, Абай айтқан «толық адам» ілімін санасына сіңіре алғанда ғана елдің ертеңі еңселі болмақ. Ұлттық болашағы білімді жастардың қолында, ал олардың рухани темірқазығы Абай әлемімен астасқанда Қазақстанның келешегі кемел, бағыты баянды болары анық.

«ШЫН ЖҮРЕКТЕН...»:

ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАСЫ ӨТТІ



Аталған іс-шара университеттің әлеуметтік жауапкершілік саясатының маңызды бағыты ретінде ұйымдастырылып, қоғамда қайырымдылық мәдениетін нығайтуға, балаларға жан-жақты қолдау көрсетуге және ізгілік құндылықтарын дәріптеуге бағытталды.

Іс-шараның басты мақсаты – балаларға мейірім мен қамқорлық көрсету арқылы қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттыру, волонтерлік мәдениетті дамыту, сондай-ақ университет ұжымы мен «Айналайын» балаларды қолдау орталығы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілік, азаматтық белсенділік пен еріктілік

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Айналайын» балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілеріне арналған «Шын жүректен» атты қайырымдылық іс-шарасы өтті. Аталған игі бастаманың негізгі мақсаты – балаларға қуаныш сыйлау, олардың жүрегіне мейірім мен жылулық ұялату, сондай-ақ жастар арасында жанашырлық, жауапкершілік, ізгілік және еріктілік құндылықтарын дәріптеу.

Қызмет пен қайырымдылыққа конституциялық деңгейде ерекше мән берілді. Атап айтқанда, Конституцияның 31-бабының 2-тармағында: «Қазақстан Республикасында ерікті әлеуметтік сақтандыру, өзге де әлеуметтік қамсыздандыру нысандары, волонтерлік қызмет пен қайырымдылық қолдау табады», – деп нақты көрсетілген. Бұл норма азаматтық жауапкершіліктің және адамгершілік құндылықтардың маңызды тетігі ретінде айқындайды.

Осы құндылықтар аясында ұйымдастырылған «Шын жүректен» іс-шарасы – балаларға деген шынайы қамқорлықтың, ізгі ниет пен азаматтық жауапкершіліктің жарқын көрінісі. Басты мақсат – бүлдіршіндерге материалдық көмек көрсету ғана емес, әрбір балаға қоғамның назарын, жылуын және мейірімін сезіндіру. Шара барысында мәдени-рухани кеш ұйымдастырылып, балалар мен студенттер өздері даярлаған концерттік бағдарлама ұсынды. Дәстүр бойынша көктем айында туған балаларға ерекше құрмет көрсетілді. Университет ұжымы мен студенттерінің «Сыйлық бұрышына» жинаған сыйлықтары орталық тәрбиеленушілеріне табысталды.

Ізгілік шарасына ҚР Парламенті Сенатының депутаты, облыстық әкімдік өкілдері, қоғам қайраткерлері, серіктес ұйымдар өкілдері, университеттің профессор-оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ «Айналайын» балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілері қатысты.

Алдағы 1 мамырдан бастап Алматы – Пусан бағытында тікелей әуе рейсі іске қосылады. Алматы әкімдігінің мәліметінше, Оңтүстік Кореяның EasterJet әуе компаниясы рейстерді аптасына екі рет орындайды. Жаңа бағыт екі ел арасындағы туристік әрі іскерлік байланыстарды жаңа деңгейге көтеруге жол ашпақ.

1 МАМАЫРДАН БАСТАП АЛМАТЫ МЕН ПУСАН АРАСЫНДА РЕЙС АШЫЛАДЫ



– Тікелей рейстің ашылуы туризмді дамытуға, іскерлік белсенділікті арттыруға және мәдени байланысқа тың серпін беріп, Алматының өңірдегі жетекші туристік орталықтардың бірі ретіндегі орнын одан әрі нығайта түседі, – деп хабарлады әкімдіктен. Кейінгі жылдары Алматыға оңтүстіккореялық туристердің қызығушылығы арта түскен. 2025 жылы қалаға Оңтүстік Кореядан 23 мыңнан астам қонақ келген, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 15,3%-ға көп.



Жақында бірінші тоқсандағы салық түсімдері мен шағын және орта бизнес кәсіпорындарының саны туралы мәліметтер жарияланды. Деректердің тілі – салқын әрі нақты, ол жерде бос үрей мен эмоцияға орын жоқ. Басында бәріміз алаңдап едік, себебі болжамдар көңілге қорқыныш ұялатқан болатын. Қоғамда салық реформасының әсерінен шағын және орта бизнес жаңа талаптарға шыдамай, жаппай жабыла бастайды, ал бюджет кіріссіз қалады деген пікірлер жиі айтылды. Алайда, шындық басқаша болып шықты. Бірінші тоқсанның көрсеткіштері салық реформасының алғашқы оң нәтижелерін растап отыр.



КОЛЛАЖ: ВАҚ.КЗ

САЛЫҚ, БИЗНЕС ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕР:

БІРІНШІ ТОҚСАННЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

■ ҮШІНШІДЕН: ШОБ САПАЛЫ ТҮРДЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУДА

Бірінші тоқсанның дерегі бойынша 2,2 млн шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектісі тіркелген – бұған заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ фермерлік және шаруа қожалықтары кіреді. Жыл басынан бері олардың саны 5,3%-ға азайды, бұл ШОБ-тың өзгеру үдерісін – іріленуін және қызметтің басқа форматтарына көшуін көрсетеді. Мәселен, жыл басынан бері салық жүйесінде 410 мың өзін-өзі жұмыспен қамтыған азамат тіркелді. Осылайша, ШОБ аясындағы экономикалық белсенді қатысушылардың жалпы саны шамамен 2,7 млн-ға жетті.

Соның ішінде 348,5 мың өзін-өзі жұмыспен қамтыған азамат – бұрын кәсіпкер ретінде тіркелмегендер. Олар негізінен такси, жеткізу қызметі, сұлулық қызметтері, тұрғын үйді жалға беру, репетиторлық және фитнес салаларында жұмыс істейді. Бұл мәліметтер ресми жұмыспен қамтудың ауқымы кеңейіп, бұрын салық жүйесіне қатыспаған азаматтардың оған тартыла бастағанын көрсетеді.

2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша ШОБ-тан республикалық бюджетке түскен салық түсімдері өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20,3%-ға өсіп, 1,130 трлн теңгені құрады (2025 жылы – 939,9 млрд теңге). Оның ішінде орта бизнес түсімдері 11,7%-ға (554,3 млрд теңге), ал шағын бизнес – 29,9%-ға (575,9 млрд теңге) артты. Бұл салық базасының кеңейіп, қызметтің ашық жүргізіле бастағанын аңғартады.

Бизнесінің айналымы да артуда. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында электронды шот-фактуралар жүйесі арқылы 42,4 трлн теңге өткен, бұл өткен жылмен салыс-

тырғанда 14% -ға көп.

Бұл жай ғана статистика емес, бұл – қоғамдағы қалыптасқан көзқарастың өзгеруі. Экономикалық белсенді азаматтардың басым бөлігі келеңкеден шығып, заңды жұмыс істеуді таңдауда. Олар салық төлеу арқылы өз ертенің, яғни әлеуметтік және зейнетақылық кепілдігін нығайтуда.

Ең басты түйін: бизнес те, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар да жаңа талаптарға бейімделе алды.

Иә, реформаны қабылдау оңай емес, күдік пен күмәннің болуы да заңды. Алайда, нақты деректер кәсіпкерлердің тек белсенділігін сақтап қана қоймай, жаңа ережелерге икемделіп, ісін қайта жаңғыртып жатқанын дәлелдеп отыр.

ҚҚС төлеушілердің 12 мыңға көбеюі мен ШОБ-тағы жандану – құрғақ цифр емес, бұл экономикамыздың есейіп, тұрақты даму жолына түскенін айқын белгісі.

■ ТӨРТІНШІСІ: САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУ ЖАЗАЛАУҒА ЕМЕС, ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ПЕН АШАҒЫ ДИАЛОҒҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ ӨТТІ

Біз реформаны ашық талқылау жолын саналы түрде таңдадық.

Жаңа салық кодексіне қатысты бір жылға созылған пікірталастар барысында салық органдары мен бизнес арасындағы ұстанымдар айқындалып, өзара сенімсіздік деңгейі төмендеді. Салық жүйесіне деген көзқарас та біртіндеп өзгеріп келеді: «жазалаушы» сипаттан – кеңес беруге бағытталған, диалогқа негізделген жүйеге қарай бет бұрды.

Микро және шағын бизнесті реттеу жүйесі мүлдем

жаңа сипатқа ие болды. Ендігі кезекте мемлекет бизнес-тің әр қадамын бақылаушы емес, оған жол көрсетуші серікке айналды. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бастап, салық міндеттемелерін орындауға дейінгі барлық кезеңде сервистік қолдау көрсету, әлеуметтік желілердегі кері байланыс және кәсіби кеңесшілермен тығыз жұмыс істеу – мемлекет пен бизнес арасындағы сенімнің нығайғанын дәлелдейді. Мәселен, «Халық бухгалтері» акциясы аясында 120-дан астам маман жұмылдырылып, бір тоқсанда 47 мыңнан астам кәсіпкерге тегін көмек көрсетілді.

Бүгін біз ел игілігі үшін жауапкершілік танытып, салықты дер кезінде төлеп отырған кәсіпкерлерімізге шынайы алғыс білдіреміз. Бұл қаражат білім беруге, денсаулық сақтауға, мұқтаж жандарды қолдауға және балаларымыздың болашағын қалыптастыруға бағыт талады.

Тағы бір маңызды мәселе – бюджеттік саясат.

Биыл біз соңғы бес жылда алғаш рет Ұлттық қордан нысаналы трансферттер алудан бас тарттық. Салыстырмалы түрде: 2025 жылы мұндай трансферт көлемі 3,25 трлн теңге болған. Экономиканы әртараптандыру бағытындағы шаралармен және жаңа экономикалық өсу саясатымен қатар, бұл қадам неғұрлым тұрақты модельге көшудің маңызды кезеңдерінің бірі болып саналады: шикізат кірістеріне тәуелділік азайып, өзіміздің салықтық базаға арқа сүйеу күшейеді.

Баға және инфляция туралы.

Салық кодексінің қабылдануы, соның ішінде ҚҚС мөлшерлемесінің артуы халық пен бизнес арасында инфляциялық күтулер тудырғаны рас. Алайда, реформаның ашық талқылануы кәсіпкерлерге алдын ала дайындалуға мүмкіндік берді: олар бағаны 2025 жыл ішінде біртіндеп реттеп үлгерді.

Нәтижесінде, ҚҚС өзгерісінің негізгі әсері 2025 жылдың соңы мен 2026 жылдың басында-ақ өтіп кетті. Бұл әлемдік тәжірибеге толық сәйкес келеді: салық мөлшерлемесінің өсуі әдетте алты айға дейін ғана әсер етеді. Ал, орта мерзімді перспективада ҚҚС, керісінше, орынсыз тұтынуды тежейтін фактор ретінде қызмет атқарады.

■ БІРІНШІСІ: 4,4 ТРЛН ТЕҢГЕ ЖАҢА САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІ

Бюджетке қосымша 4,4 трлн теңге салық жинау жоспары – бұл жай ғана құрғақ цифр емес. Бұл – келесі маңызды қадамның, яғни халықтың табысын арттырудың негізгі көзі.

Мамыр айында «Халықтың нақты табысын арттырудың жаңартылған бағдарламасы» таныстырылады. Онда Үкіметтің нақты іс-қимылдары көрсетілген: тұрақты әрі сапалы жұмыс орындарын ашу, отандық өнеркәсіпті қолдау, экспортты дамыту және азаматтардың қаржылық жүктемесін жеңілдету.

Үкіметтің басты міндеті өзгеріссіз қалады: экономикадағы өсім халық табысының артуына тікелей әсер ететін жағдай қалыптастыру. Осы мақсатта белсенді экономикалық өсім саясаты жүзеге асырылып жатыр. Өйткені, табыстың өсуі – әкімшілік шешіммен келетін нәтиже емес, ол экономиканың құрылымдық өзгерістерінің жемісі. Ал, алғашқы нәтижелер біздің дұрыс бағытта келе жатқанымызды көрсетеді.

Серік ЖҰМАНҒАРИН,
ҚР Премьер-министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

ТЕМІРЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУҒА 10 МЛРД ДОЛЛАР ИНВЕСТИЦИЯ САЛЫНАДЫ



2030 жылға дейін теміржол инфрақұрылымын дамытуға 10 млрд доллардан астам инвестиция салынады. Бұл туралы Теміржолдар ынтымақтастығы ұйымы конференциясының 40-отырысында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов айтты.

Есбол ҚУАТҰЛЫ

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен және Қазақстан Үкіметінің қолдауымен 2030 жылға дейін теміржол саласының инфрақұрылымын дамытуға 10 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция салынады. Бүгінде біз 1 800 шақырым жаңа теміржол желісін салып, 3 000 шақырым жолды жаңғыртудамыз. Бұл – жаңа жолдар салумен пара-пар, – деді ҚТЖ басшысы.

Талғат Алдыбергеновтың мәліметінше, өткен жылы Достық-Мойынты учаскесінде екінші жол мерзімінен

бұрын пайдалануға берілді. Бұл аталған учаскенің өткізу қабілетін тәулігіне 12-ден 60 жүп пойызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

– Осы жылдың соңына дейін тағы 500 шақырым теміржол құрылысы аяқталады. Оның ішінде Орталық Азия бағытына транзиттік ағынды арттыруға арналған Дарбаза-Мақтаарал жобасы бар. Сондай-ақ, Транс-қазақстандық теміржол дәлізін қалыптастыратын Мойынты-Қызылжар жобасын ерекше атап өткім келеді. 2027 жылы Қытаймен жаңа шекаралық өткел және Аягөз-Бақты теміржол учаскесі ашылғаннан кейін 2035 жылға қарай Қытаймен жүкті қайта тиеу қуаты 100 млн тоннаға дейін ұлғайтылады, – деді Талғат Сағиұлы.

Айта кетейік, Үкімет басшысы Олжас Бектенов бүгінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» бағыты бойынша барлық құрылықтағы транзиттік тасымалдардың 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы өтетінін айтты.

– Бірақ, мұнымен тоқтап қалмаймыз. Алдағы 4 жылда тағы 5 мың шақырым жаңа теміржол салуды жоспарлап отырмыз. Біздің мақсатымыз – 2035 жылға қарай транзит көлемін жылына 100 млн тоннаға дейін жеткізу, – деді Олжас Абайұлы.

ЕСКІ БАНКТИҢ ЖАҢА ИЕСІ

FORTEBANK 273 МЛРД ТЕҢГЕГЕ HOME CREDIT BANK-ТІ САТЫП АЛА МА?

ForteBank-тің аудит есебіне сәйкес, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктің өз еншілес ұйымы – Home Credit Bank-ке салған инвестициясы 273,8 млрд теңгені құрады. Банкті сатып алу мәмілесі дәл осындай сомаға бағалануы мүмкін. Бұл туралы Kursiv.media порталының тілшісі Ақниет Төленті хабарлады.



ФОТО: BIZMEDIA.KZ

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Еске сала кетейік, 2025 жылдың қыркүйегінде ForteBank Home Credit Bank-тің 26,8% акциясын иеленіп, олар инвестиция ретінде жіктелген болатын. Кейінірек, 2025 жылдың қараша айының соңында банк өз үлесін 75%-ға дейін арттырып, Home Credit Bank-ке бақылау орнатты. HCB-нің 100% акциясын сатып алу мәмілесі 2025 жылдың желтоқсанында аяқталды.

Сонымен қатар, 2025 жылдың қарашасында ForteBank банк үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеумен және қолдаумен айналысатын HomeITTech компаниясының 100% акциясын иеленді. Есепке сәйкес,

бұл компанияға салынған инвестиция көлемі 14,9 млрд теңгені құрады.

«Банк нарықтағы үлесін арттыруға және синергетикалық әсер алу мүмкіндігіне бағытталған стратегиялық бастамаларға байланысты Home Credit Bank пен HomeITTech-ті сатып алды», – делінген есепте.

2025 жылдың маусым айында ForteBank пен Home Credit Bank арасында 100 пайыз акциясын сатып алу жөнінде келісім жасалған. Ал, желтоқсанда ForteBank-тің қатысу үлесі 100%-ға жітіп, Home Credit Bank-тің жалғыз акционері атанған еді.

Өз кезегінде ForteBank-тің 91,1% акциясына Forbes Kazakhstan рейтингіндегі алпауыт кәсіпкер, 68 жастағы Атырау тумасы Болат Өтемұратов иелік етеді, қалғаны еркін айналымда.

ЖАҢА БАНКНОТА

ҰЛТТЫҚ БАНК 20 000 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТАНЫ ҚАШАН АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРАДЫ?



ФОТО: NATIONALBANK.KZ

Қазақстанда ұлттық валюта купюралары толық жаңартылып жатыр, ал 20 000 теңгелік банкнота келесі жылы айналымға енгізіледі. Бұл туралы Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов мәлім етті.

Есбол ҚУАТҰЛЫ

Бас банкирдің айтуынша, қазіргі уақытта жаңартылған банкноттардың ішінде тек 20 мың теңгелік купюра ғана айналымға толық шықпаған еді, ал 10 000 теңгелік банкноталардың айналым мерзімі 2027 жылға дейін ұзартылған-ды.

– Жаңа 20 000 теңгелік купюра әлі шыққан жоқ. Яғни, ол бізде бар, дизайнын да көрсеткенбіз. Бірақ,

банкноттарды өндіру, банктерді дайындау, банкмат желілерін бейімдеу сияқты үдерістер уақыт алады. Сондықтан, 20 мың теңге кейінірек пайда болады. Ал, қалған банкноттардың барлығы қазірдің өзінде шығарылып, айналымда жүр, – деді Тимур Мұратұлы.

Сонымен қатар, ескі сериядағы купюралар кезең-кезеңімен айналымнан шығарылып жатыр.

– Біз купюралардың бүкіл қатарын жаңартып жатқандықтан, ескі серия біртіндеп айналымнан шығарылады. Мысалы, 10 000 теңгенің қолданылуын банктер мен халықтың өтініші бойынша бір жылға ұзарттық. Қазір олар жаңа купюралармен қатар жүр. Бұл – қалыпты үдеріс, – деді Тимур Мұратұлы.

Оның сөзінен, қалған купюралар бойынша мұндай узарту қарастырылмаған. Келесі жылы 20 000 теңгелік банкнота айналымға шыққаннан кейін, жаңартылған купюралар қатары толық қалыптасады.



ЕУРОПАНЫҢ ЕСЕЮІ

НЕМЕСЕ ГЕОСАЯСАТ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРІП ЖАТЫР?

Еуропалық одақтың Украинаға 90 млрд еуро бөлуімен біз АҚШ пен Еуропа, сондай-ақ АҚШ пен Украина арасындағы қарым-қатынастардың ауыр кезеңі аяқталды деп нық сеніммен айтуға болады. Енді осы тезісті тарқатайық.

Қуаныш ЕДІЛХАНТЕГІ

Анольд Трамп билігінің алғашқы айларында Украина Еуропаға қарағанда АҚШ-тың айтқанына көбірек құлақ түруі керек болатын, өйткені ол кезде Украинаны қолдаудағы Еуропаның рөлі маңызды болғанымен, «бақылау пакеті» Ақ үйдің қолында еді. Мәселе көмектің нақты сомасында емес (ол кезде де Еуропаның көмегі көбірек болатын), мәселе – көзқараста еді. АҚШ Еуропаға өз шарттарын таңса, Еуропа да өз кезегінде Украинаға соны істетті. Еуропа үнемі АҚШ-қа жалтақтап, Трамптың бастамаларын қолдап, оның алдында құрдай жорғалап, Украинадан Трамппен жанжалдаспауды өтінетін.

Кир Стармер (Улыбритания премьері), Фридрих Мерц (Германия канцлері), Эмманюэль Макрон (Франция президенті), Александр Стубб (Финляндия президенті) сияқты көшбасшылардың Трамп пен Украинаны татуластыруға тырысқан күш-жігерін еске түсірсек те жеткілікті.

Еуропа үшін өз ойының дербес жүргізе алатын нұсқалардың бар екенін түсіну қиын болды. Яғни, Украинаның аумақтарды беруі мәселесінде «Трампың айтқанымен жүрмей-ақ, Украинаға Донбастан шығуға тура келеді» (Павел (Чехия президенті), Стубб, Тусктың (Польшаның премьері) мәлімдемелерін еске түсіріңіз) деп айтпай-ақ, өз саясатын ұстану мүмкін емес болып көрінген. Бірақ, содан бері көп нәрсе өзгерді.

Достықтың аяқталуы: Трамппен жеке достықтың ол үшін еш мәні жоқ екенін көрсетті. Оның Макрон, Мерц, Рютте, Стубб, Стармер және Мелонимен (Италия Министрлер кеңесінің төрағасы) достығы аяқталды.

Трамп беделінің түсуі: Еуропа мен Украина Трамптың Путинге дипломатиялық ықпалы тым асыра бағаланғанына көз жеткізді.

Ирандағы соғыс: Ирандағы соғыс Еуропа мен Трамптың жолын біржолға айырды. Еуропа сайлаушылары арасында бұл соғыс өте танымал болмағандықтан, Еуропаның басқа таңдауы қалмады.

Украинаның технологиялық серпіні: Иран соғысы барысында Украинаның ұшқышсыз технологиялар бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі екені кенеттен анықталды (мұнда Еуропаның соңғы екі жылдағы инвестициясын атап өту керек). Нәтижесінде Украинаның халықаралық субъектілігі күрт артты.

Майдандағы бетбұрыс: Украина майдандағы күш тепе-теңдігін өз пайдасына өзгертті (әзірге аздап болса да). Бұл соғыстың болашағына деген көзқарасты өзгертті, сондықтан Украинаның Трампқа қарсы айтқан дауысы нық әрі тәуелсіз шыға бастады.

Кеше Еуропаның Украинаға екі жылдық көмек пакетін бекітуі осы процесті шегендеді. Бүгінде Украинаға көмек көрсетудегі «бақылау пакеті» Еуропаның қолына көшті, ал Трамп пен АҚШ-тың рөлі айтарлықтай төмендеді. Бұл Еуропа үшін оңай болған жоқ, бұл – есеюдің ауыр жолы еді. Трамп бұрынғы тепе-теңдікті бұзды, сондықтан Еуропа өз құрлығы үшін жауапкершілікті өз қолына алуға мәжбүр болды. Және бұл олардың қолынан келді. Осылайша, Ресей Трампты сынамай, үнемі Еуропаны қарғап-сілеумен болды. Ресей Еуропаның есеюінен өлердей қорықты, қалайда қарт құрлықты тежеуге тырысты. Алайда, оқиғалар барысы Еуропаға басқа жол да қалдырмады, ол еріксіз есеймесе болмайтын жағдай қалыптасты.

Жақын болашақта бізді не күтіп тұр?

Украинадағы соғыс әзірге жалғасады, бірақ оны әділ шарттармен аяқтау мүмкіндігі де айтарлықтай артты. Трамп пен Путин арасындағы дипломатиялық процесс толық тоқтаған жоқ, бірақ бақылау пакеті АҚШ-тың қолынан шығып кетті.

Асханада отырмын. Үш келіншек, біреуінің қолында сәби, өзара қазақша сөйлесіп отыр. Ал, тілі шықпаған балаға «Синий тракторды» айқайлатып қойып берген.

ЖОҒАЛҒАН ҰРПАҚ

РУХСЫЗДАНУ ЗАМАНЫНДА ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ҚАЛАЙ КӨТЕРЕМІЗ?

Камшат ТАСБОЛАТ

Автобуста 3-4 айлық балаға шет тілінде музыкалық мультфильм қойып, қоғамдық тыныштықты бұзып тұр. Мәдениет, этика былай тұрсын, мұндай ата-ана сәбидің психикалық, эмоционалды денсаулығына, көз көру қабілетіне қаншама залал тигізіп жатыр?! Ертең 3-4 жасында логопед, психологқа жүгіретін адамдар ғой.

Тіл демекші, биыл әлемдік тілдерді зерттейтін Ethnologue анықтамалығының соңғы мәліметтері бойынша, орыс тілі Top 10 most spoken languages тізімінен түсіп қалыпты. Оның орнын урду тілі басыпты, 2025 жылмен салыстырғанда 2 позицияға төмендеген тіл 11 орынға жайғасқан. Соғыстың әсері ме, украин тілі 10 позицияға түсіп, 58 орынға жайғасқан. Тіпті, беларусь тілі үздік жүздікте жоқ, 200 тілдің ішінде 186-орында. Ал, қазақ тілі үздік жүздікте. Биыл 76-орындамыз. Жалпы, түркі тілдеріне келсек, түрік тілі – 21-орында, өзбек тілі – 57-орында, ұйғыр тілі – 96-орында, әзербайжан тілі – 98-орында, түркімен тілі – 133-орында, қырғыз тілі – 162-орында, татар тілі – 195-орында. Түркі тобына жатпайтын тәжік тілі – 123-орында. Қалған посткеңестік елдерге келсек, демографиялық ахуалға байланысты ұлттық тілдерінің үздік 200-дікке кіру мүмкіндігі аз.

Қазір ұлттық идентификацияға ұмылған әр ел ана тілімізді қалай дамытамыз деп бас қатырып жатыр. Ал, мен өздері қазақтілді адам бола тұра балаларына орысша ютуб қойып, тілін шетелше шығарып жатқан ата-аналарға таңмын. Құрбым айтақшы, бұл олардың комплексі. Баяғыда посткеңестік заманда орысша білмеген соң телеріш көрген шығар. Ал, Алматыда өскен мен қазақша білгенімнің арқасында жақсы еңбек етіп, Еуропа, Азия, Кавказ елдеріне сапарладым.

Мұхтар Шаханов айтақшы, «қазақ тіліне қарсы адамдардың өмірі трагедиямен аяқталған». Кім өзіне жамандық тілейді? Қазақша жүздеген ютуб-арнасы бар, тек оны қоюға ұлттық намыс жетпейді... Жоғалған ұрпақ. Күндердің бір күні: «Мам-пап, почему я не знаю казахский? Везде требуют язык», – деп өкінер ме екен?

1492 жыл. Бұл жылды бүгінде үндістер «қарғыс атқан қанды жыл» деп атайды. Өйткені, Христофор Колумб дәл осы жылы Америка құрлығын ашып, нәтижесінде жергілікті халық миллиондап қырылды. Әйгілі жиһанкез ең бірінші болып Багам аралдарына түскенде былай деп жазды: «Бұл жердің халқы өте көп. Бірақ, санының көптігіне қарамастан олар ешқандай қиыншылық көрмеуде. Азық-түлік жеткілікті, жемістің сан түрін өсіреді, ал жергілікті халық бақытты көрінеді. Бұларды жаулап алып, өз дінімізге кіргізсек, олардан тамаша қызметкерлер шығар еді».

Асхат ҚАСЕНҒАЛИ

Колумб ашуларынан кейін Америка құрлығына Еуропадан сансыз кемелер жол тартты. Олар жергілікті халықты қырып-жойып, жаулап алу мақсатын алдарына қойды. Испан патшасы «Жаңа әлем» атты экспедиция ұйымдастырып, испандар Америка құрлығын бірінші болып бағындырды. Олар жергілікті халықты жаулап, егіндік жерлерін тартып алды. Тіпті, себепсізден-себепсіз үндістерді өлтіріп, иттеріне тамақ ретінде де жегізген сәттері болған еді.

1539 жылы конкистадор Франсиско де Чавес Каруа Кончукос патшалығын жермен жексен етіп, үш жасқа толмаған 600 сәбиді өлтіріп, адамзат тарихы көрмеген зұлымдықты жасады. Ол жайлы сол сәттің куәгері болған Бартоломе де Лас Касастың «Үндістердің қырылуының қысқаша түсіндірмесі» атты кітабында жазылды. Отарлаушыларды сол сәтте талқандап тастауға болар еді, алайда үндістер өзара бөлініп, бір-біріне көмекке келмеді. Тайпа-тайпа, ру-руға бөлініп қырқысып жатты. Олар үшін отарлаушыларды талқандағанына қарағанда, бір-бірін қырып жою маңыздырақ болды.

1622 жылы ағылшындар Джеймстаун маңында үндістерді бір-біріне қарсы қойып, қырып салды. Могикане, наррагансетт тайпаларын пекот тайпаларына, минго тайпасын хочи тайпасына, вийот тайпасын раки тайпасына, навахо тайпасын сиу мен шайена тайпаларына, шошон, алеут, апачи, пуэбло, мешика (Мексика атауы содан шыққан), команчи, кайова, майя, ацтек, инк, вароа, ботокудо, тотонаки, арапахо сынды 200-ге жуық тайпалар арасындағы алауыздыққа май құйып, өзара қырқыстырып отырды. Олар ағылшындар, испандар мен португалдарды одақтас санап, өз тайпаларын қыруға жол ашып берді. Фасырлар бойы өркендеген Майя, Инк және Ацтек патшалықтары сыртқы күштердің керемет ойластырған сценарийі бойынша өзара тартыстан құлатылды, үндістердің өркениеті жойылды.

Ләззат ДҮЙСЕМБЕКОВА

Ең бастысы – демография. Әр елдегі бір әйел екі бала тапса да, мемлекет демографиялық деңгейін сақтап қала алмайды. Себебі, отбасын құрмайтындар бар, түрлі себеппен балалы бола алмайтындар бар, адам болған соң өлім-жітім бар деген сияқты. Сондықтан, елдің демографиялық дамуы тұрақты болуы үшін әр әйел екіден де көп бала тууы керек. Ал, қазіргі Оңтүстік Кореяда өз өмірінде екіден көп бала да таппақ түгілі, бір бала да таппайтын әйелдер көбейіп барады. Оның себебі не?

Біріншіден, капиталистік көзқарас. «Мен – жеке тұлғамын. Өзімді дамытуым, жетістікке жетуім керек. Ал, отбасын құру немесе ана болу – міндет емес, әркімнің жеке таңдауы» деген деген ой.

Екіншіден, қымбатшылық. Оңтүстік Кореяда балалы болу – өте қымбат іс. Тамақ пен киімді былай қойғанда, баланың емі, балабақша, мектеп, университет тағы басқасына қыруар қаражат керек. «Менің оған шамам жоқ, өзім зорға жүрмін», – дейді жастардың көпшілігі. Біздегі сияқты «Әр бала өз несібесімен келеді» деген түсінік жоқ.

Үшіншіден, үй алу – үлкен мәселе. Үйі болмаған соң көпшілігінде бала да жоқ. Тек Сеулдің өзінде үлкендігі 2-5 шаршы метр ғана бөлмені жалға алып тұратын жастар саны 200 мыңнан асады. Олардың өмірі болашақта жақсы жағына өзгереді деп ешкім айта алмайды.

Төртіншіден, бәсекелестік. Әйелдер «балалы болып декретке кетсем, жақсы жұмысымнан айырыламын, одан кейін тіпті бәсекеге жарамсыз болып қалуым мүмкін» деп ойлайды.

Бесіншіден, «үй шаруасы – әйелдердің міндеті» деген түсінік ол жақта да басым. «Жұмыстан үйге келіп, екінші ауысымға кірісіп, тамақ пісіріп, үй жинап, бала қарап, ауыр жүк арқалап жүргенше, жалғыз жүре берейін» деп ойлайды қыздар. Қазір Оңтүстік Корея қыздарында «Жігітпен кездесу, махаббат хикаясына кіру, неке құру қажет те емес, онсыз да жақсы өмір сүруге болады» деген түсінік те белең алып барады.

Алтыншыдан, суицид. Озық елдер ішінде бірінші орын болған, ал дүниежүзілік масштабта алғанда үнемі алдыңғы 10-15 елдің ішінде тұрады. Суицид жастар мен кәрі адамдар арасында көп. Кәрі адамдар жалғыздықтан, жастар көбінде қоғамдағы психологиялық қысымнан (жетістікке жете алмай қалып) өздеріне қол жұмсайды.

Айтылған және т.б. себептен қазір Оңтүстік Кореяда туу көрсеткіші 2, 3, 4 бала емес, 0,7 баланы көрсетіп тұр, кейбір аймақтарында тіпті 0,5 бала. Әлемдегі ең төмен көрсеткіш. Мұның салдары қандай болады?

Біріншіден, болашақта кәрілер тұратын елге айналады. Жұмыс істейтін, салық

ТАРИХТЫҢ АЩЫ САБАҒЫ

НЕМЕСЕ ҮНДІСТЕР ҰЛТ РЕТІНДЕ ЖЕР БЕТІНЕН ҚАЛАЙ ЖОЙЫЛЫП КЕТЕ ЖАЗДАДЫ?



1500-1800 жылдар аралығында Солтүстік және Оңтүстік Америкада еуропалықтар әкелген эпидемиялардан, өзара қырқыстан және күштеп қоныстандырудан 80 млн үндіс қаза тапқан. Үндістердің ру аралық соғыстары олардың жеңілуіне әкеліп соқты. Этнографтардың есептеуінше, XVI ғасырда Оңтүстік және Солтүстік Америкада 130-160 млн үндіс болған. Ал, 1926 жылғы санақ бойынша қос Америкада бар жоғы 7

млн үндіс қалыпты. Д. Стэннард 1992 жылы шыққан «Американдық холокост» кітабында: «4 ғасыр ішінде 100 млн үндіс қырылды» деп жазды.

Айта берсе тарих талай сыр мен мұңды, зұлымдық пен қателікті бұғып жатыр. Мен бұл жазбам арқылы ешкімді айыптамаймын, мен тек қана ұлтыңнан руыңды жоғары қоюдың түбі неге апарарын, ондай процесті тарих қалай жазалағанын көрсеткім келді.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Бүгінде руға бөліну елімізде белең алуда, сыртқы күштер бұл құбылысты арам пиғылына бүгін болмаса ертең қолданып кетуі бек мүмкін. Руыңды білу міндет (генетикалық және шежіре тұрғысынан), алайда ол ешқашан қазақ деген ұлы ұлтымыздан жоғары тұрмайды. Тым рушылық, тайпашылдық кесірінен 100 млн үндістің 2 млн отарлаушыдан қырылғанын ұмытуға болмайды. Тарихтан сабақ алу – парыз. Тарих – жақсы мен жаманның, артық пен кемнің ара-жігін салмақтап беретін таразы.

ЭКОНОМИКАСЫ ҮЛКЕН ЕЛДІҢ ҮЛКЕН МӘСЕЛЕСІ

Бізде біраз адамның ойынша, Оңтүстік Корея гүлденген, экономикасы дамып, жарқын болашаққа үлкен сеніммен кетіп бара жатқан мемлекет. Бірақ, ғалымдардың пікірі мүлдем басқаша. Олар «Оңтүстік Кореяны жер бетінен бірінші болып жойылып кетуі мүмкін мемлекет» деп санай-ды. Себебі?



төлейтін, зейнетақы қорына ақша сала-тын адам азаяды. Кәрілердің өмірі қатты қиындайды. Онсыз да қазір ол елдегі 65-тен асқан адамдардың 45 пайызы кедейшіліктен де төмен жағдайда өмір сүреді.

Екіншіден, осылай кете берсе, бірте-бірте Оңтүстік Кореядағы 100 адамның артында 36 адам қалады, 36 адамның артында 13 адам қалады... сөйтіп-сөйтіп ел жоғалады.

Демографиядан басқа қандай проблемалар бар? Неге Оңтүстік Кореяның болашағы жоқ деп есептеледі?

1. Ауылдарда, кішкене қалаларда жұмыс та жоқ, болашақ та жоқ. Жастардың көпшілігі жұмыс іздеп Сеулге ағылып жатыр. Сеул күннен-күнге үлкейіп, басқа аймақтар босап жатыр. Бұл да мемлекеттің түбіне жететін құбылыс.

2. Бала туу көрсеткіші өте төмен болғандықтан балабақшалар, мектептер жабы-

лып жатыр.

3. Әлеуметтік пессимизм. Жастардың көпшілігінде болашаққа, мемлекетке деген сенім жоқ.

4. Жалғыздық эпидемиясы. Ешкіммен араласпайтын жалғыздікті адамдар көбейіп бара жатыр, ол тек кәрі адамдардың ортасында емес, жастардың арасында да көп.

5. Оңтүстік Корея экономикасы қазір шарықтап тұрғанымен, 20-30 жылдан кейін зейнеткерлер көп, жұмыс істейтін жастар аз болады. Бұл процесс жыл сайын жалғаса береді.

6. Жылдан-жылға әскерге баратын адам табу да қиындап бара жатыр. Елді кім қорғайды? Осылай кете берсе, ол, әрине, бір күнде бола қоймас, бірақ болашақта Солтүстік Корея бір оқ атпай-ақ кіре алады.

7. Мемлекет өте бай, технологиясы озық, бірақ болашақта сол байлықты мұра етіп қалдыратын адам болмауы да мүмкін.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Қазір жер шарының ең жас әрі ең жылдам өсіп жатқан бөлігі – Африка, ол жерде 1,5 млрд адам тұрады, 25 жылдан кейін 2,5 млрд адам болады. Халықтың орта жасы – он тоғыз (жап-жас). Ғалымдардың болжауынша, болашақта Сеул көшелерінде корейлер емес осы кісілер жүреді. Демография ғылымының бір қағидасы бар: туылмаған ұрпақтың орнын міндетті түрде басқа біреу басады.



«AMANAT» партиясында Ұлттық кітап күніне орай «Кітап оқитын ұлт» жобасының жеңімпаздары марапатталды. Пилоттық жоба Шымкент қаласы, Қарағанды және Қостанай облыстарында жүзеге асып, 8 айда 190 мыңға жуық адамды қамтып, шамамен 2 млн кітап оқылды.



ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ:

190 МЫҢ АДАМ 2 МЛН КІТАП ОҚЫДЫ

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

С-шараға партия төрағасы Ерлан Қошанов, жазушылар мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Ол жоба Мемлекет басшысының кітап оқу мәдениетін дамыту бастамасын жүйелі іске асыру аясында қолға алынғанын атап өтті.

– Кітап оқитын ұлтқа айналу – мемлекеттің мәдени-рухани өркендеуінің төте жолы. Кітап оқитын ұрпақ тәрбиелеу – елдің интеллектуалдық капиталына салынған ең тиімді инвестиция, – деді Ерлан Жақанұлы.

Байқау б бағыт бойынша өткізілді – «Кітап оқитын әулет», «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші», «Кітап оқитын университет», «Кітап оқитын колледж», «Кітап оқитын мектеп» және «Кітап оқитын педа-

гог». Сарапшылар әр бағыт бойынша қазақ және орыс тіліндегі 15 кітаптан тұратын тізім әзірледі. Оларды барлық қатысушы оқуға тиіс болды. Кейін осы кітаптар негізінде викториналар, дебаттар, эссе байқаулары және зияткерлік квиздер өткізілді. Тізімге «Қазақстан әдебиетіндегі таңдаулы 100 кітап» жалпыұлттық сауалнамасы аясында іріктелген шығармалар, сондай-ақ әлемдік деңгейде мойындалған бестселлерлер енді.

Іріктеу барысы кезең-кезеңімен өтті. Ең алдымен, оқу орындары мен мемлекеттік органдар деңгейінде, кейін аудандық және қалалық кезеңдерде жалғасып, финалистер облыстық деңгейде бақ сынады. Нәтижесінде барлық алты номинация бойынша әрбір үш өңірден екі жеңімпаз команда анықталды – біреуі қазақ тілінде, екіншісі орыс тілінде. Байқауда барлығы 462 адам жеңімпаз атанды. Оның 156-сы – бірінші орын иегерлері. Олардың бәріне алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Қазақ жазуының тарихында Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы түлеткен төте әліпби – ұлттық жазу мәдениетінің алтын кезеңін айқындайтын, өзіндік өрнегі мен өнегесі бар тарихи белес. Төте жазу – қазақ тілінің дыбыстық табиғатына бейімделген тілдік реформаның жемісі һәм бір дәуірдің ойы мен сезімін аңғартатын түркі халықтарына ортақ әліпби саналады.

ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ:

«ТӨТЕ ЖАЗУ» КУРСЫНЫҢ ЕКІНШІ ЛЕГТІ



Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған ұлттық әліпбиді насихаттау мақсатында ҚР Ұлттық кітапханасы бастамасымен «Төте жазу» курсы қаңтар-сәуір айлары аралығында екінші рет ұйымдастырылды. «Екінші рет» дегеніміз, курстың алғашқы легі 2025 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында өткізілген-тін. Бірінші лек нәтижесінде 43 ізденуші қатысуға ниет білдіріп, олардың ішінен 20 қатысушы қорытынды емтихан талаптарын сәтті орындап, тиісті сертификаттарға ие болған еді. Курс барысында қатысушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, практикалық дағдыларды меңгеру арқылы ХХ ғасыр басында жарық көрген қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз үлгілерін түпнұсқа күйінен қазіргі қазақ (кирилл) графикасына көшіру жұмыстарын жүзеге асырған болатын. Атап айтқанда, бірінші лек қатысушылары емтихан нәтижесінде «Жас қазақ» (1923, Орынбор), «Қызыл Қазақстан» (1921, Орынбор), «Әйел теңдігі» (1926, Қызылорда), «Жаңа мектеп» (1925, Қызылорда) журналдарының алғашқы сандары алғаш рет курс тарапынан зерттелген еді.

Ендігі жаңа жылдың алғашқы легі 2026 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығын қамтып, үш айға жоспарланған тегін оқу курсы ретінде ұйымдастырылды. Аталған курсқа түрлі сала мамандары, ғылыми қызметкерлер мен зерттеушілер, жоғары оқу орындарының студенттері, сондай-ақ көне жазба мұраларға қызығушылық танытқан оқырмандар белсенді түрде қатысып, оқу үдерісіне жоғары ынтымақтастықпен араласты. Басты мақсат – оқырмандарға төл жазуды меңгерту, тарихи мәтіндерді түпнұсқадан оқу дағдысын қалыптастыру және қазақ жазу мәдениетінің сабақтастығын кеңінен таныту болды.

Аталған мақсатымызға сәйкес курс мазмұны бірнеше негізгі міндеттен тұрды:

1. Алдымен қатысушыларға төте жазудың тарихи қалыптасуы мен теориялық негіздері таныстырылды;
2. Әліпбидің графикалық жүйесі, таңба құрамы және олардың фонетикалық ерекшеліктері үйретілді. Бағдарламада мәтінмен жұмыс істеу, оқығанды түсіну және талдау дағдыларын жетілдіру ерекше назарда болды.
3. ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзіне тән газет-журнал материалдары мен кітаптарды оқу тәжірибесі ұсынылды, бұл қатысушыларға тарихи дереккөзді түпнұсқа күйінде түсінуге мүмкіндік берді.

Курс ұзақтығы – 12 сағат, яғни 12 апта бойы әр сейсенбі күні 16:00-17:00 уақыт аралығында өтетін сабақтардан тұрды. Арнайы оқыту сиплабусы құрастырылды. Дәріс форматына сәйкес (30%) және практикалық жұмысқа байланысты (70%) материалдар енгізілді.

Бастапқы кезеңде төте жазу курсына 47 оқырман ниет білдіріп тіркелсе, оқу барысындағы тәртіп пен білім игеру деңгейіне қарай қатысушылардың саны сараланып, қорытынды емтиханға 23 оқырман ғана өтті. Олар үш ай бойы төте жазудың графикалық ерекшеліктерін, орфографиялық және фонетикалық заңдылықтарын, мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын меңгеріп, қорытынды емтихан нәтижесінде арнайы сертификаттарға ие болды.

Қорытынды емтихан екі кезеңнен тұрды. Емтиханның алғашқы кезеңінде қатысушыларға тарихи жазбаларды қазіргі әліпбиге түсіру арқылы ғылыми-танымдық дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алды.

Арнайы топтық тапсырмаға сәйкес 23 қатысушы төрт топқа

бөлінді: «Шипагер», «Азат арулар», «Жаңа мектеп жұлдыздары», «Қызыл жебе». Әр топқа ХХ ғасырдың басында жарық көрген, қазірге дейін кирилл қарпіне толық түспеген журнал нөмірлері берілді.

Тапсырма шартына сай әр топ өзіне жүктелген журналды толық кирилл қарпіне түсіріп, оған қосымша ретінде кісі есімдері, терминдерге түсіндірме сөздік, құрастырушы түсініктемесі сияқты мазмұндық қосымшалар дайындауы қажет болды. Жұмыстың соңында журналдың факсимиле нұсқасы қатар ұсынылып, қатысушылар өз жобаларын әділқазылар алқасына таныстырды.

Журналдар мынадай тәртіппен бөлінді:

- «Денсаулық жолы» (1929, Ташкент) / «Шипагер» тобы;
- «Қызыл Қазақстан» (1921, Орынбор) / «Қызыл жебе» тобы;
- «Әйел теңдігі» (1926, Қызылорда) / «Азат арулар» тобы;
- «Жаңа мектеп» (1925, Қызылорда) / «Жаңа мектеп жұлдыздары» тобына берілді.

«Төте жазу» курсының бірінші легінде аталған мерзімді басылымдардың алғашқы сандары төте жазудан қазіргі қазақ (кирилл) графикасына транскрипцияланған болса, екінші лек аясында бұл жұмыс жалғасын тауып, журналдардың кейінгі сандары жүйелі түрде зерттеуге алынды. Төте жазуды үйретуге арналған курс Ұлттық кітапхана жанындағы рухани-ағартушылық жұмыстың бір қыры ғана емес, тарихи жақты жаңғыртуға бағытталған маңызды бастамаға айналды. Сонымен қатар, 2025-2026 жылдары ұйымдастырылған курстың жалпы 2 легіне 97 адам қатысып, оның ішінде 43 қатысушы ғана (44,3%) сертификат иегері атанды.

Жалпы 97 қатысушының құрамы төмендегідей:

- студенттер, магистранттар және докторанттар – 42 (43,3%);
- кітапханашылар – 17 (17,5%);
- ғылым докторлары – 12 (12,4%);
- мұғалімдер – 11 (13,4%);
- дәрігерлер – 5 (5,2%);
- журналистер – 2 (2,1%);
- мектеп оқушылары – 2 (2,1%);
- копирайтер – 1 (1,0%);
- отставкадағы офицер – 1 (1,0%);
- суретші – 1 (1,0%);
- дәстүрлі әнші – 1 (1,0%);
- шежірешілер – 2 (2,1%).

Курсқа қатысқан оқырмандар көне дереккөздерді түпнұсқадан оқи алатын деңгейге жетіп, ХХ ғасыр басындағы ұлттық баспасөздің тілдік болмысына тікелей үңілу мүмкіндігіне ие болды. Бұл тұрғыдан Ұлттық кітапхананың «Төте жазу» жобасы ұлттық жазу тарихына жаңа көзқарас қалыптастырып, ғылыми орта мен оқырман қауымының қызығушылығын арттырды. Сондықтан да, ҚР Ұлттық кітапханасында ұйымдастырылған төте жазу курсының тәжірибесі алдағы уақытта да жалғасып, ұлттық әліпбиді меңгерген кадрларды дайындауға негіз болады деп сенеміз.

Ертай БІЛӘЛ,

«Төте жазу» курсының дәріскері,

ҚР Ұлттық кітапханасы

Сирек кітаптар мен қолжазбалар қызметінің маманы,

Абай атындағы ҚазҰПУ PhD докторанты

50 МЛН ТЕҢГЕНІҢ ЖЫРЫ

ЧЕМПИОНҒА ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ МЕ?



Шахмат өзім жақсы көретін спорт арасында болмаса да, соңғы уақытта Бибисара Асаубаеваға әлдекімдер шабуыл жасап жатқанды сезіледі. Фейсбукке кірмегелі біраз уақыт болып еді, алдымнан қатарынан екі пост шықты. Бибисараның 50 миллионын санап Александр Ляхов қайта-қайта пікір білдіріпті... Журналиске журналистен жауап болсын.

Айдос РЫМҚҰЛ

Мойындасқа та, мойындамасқа та 22 жастағы Бибисара Асаубаева қазір шахмат бойынша еліміздегі жалғыз ТОП ойыншы және басқаларға үлгі ретінде жолашар спортшы деуге болады. 29 жастағы Динара Сәдуақасова мен 26 жастағы Жансая Әбдімәлік те өте керемет биікке көтерілсе де, Бибисараның орны бір төбе. Шахматтың блиц түрінен 3 дүркін Әлем чемпионы, рапид түрі бойынша Әлем чемпионы, Азия чемпионы. Яки бұл қызбен титул жағынан не ерлер, не әйелдер тең келмейді. Сондай-ақ, үміткерлер турниріне қатысқан жалғыз қазақ қызы.

«Қазақты қазақ көре алмайды» деп жалпыға топырақ шашудан аулақпын, алайда қазір жас қызға белгісіз бір топ тарапынан үлкен ақпараттық қысым жасалып жатқанды көрінеді.

Бибисараға бөлінетін 50 миллионы жыр қылып жатыр екен. 100 мың доллардың көлемі шатаспаса. Айына емес жылына бөлінетін қаржы. Халықаралық жарыстарға қатысу, күнделікті дайындығы бәрін қосқанда бұл баға әлемдік деңгейдегі спортшы үшін дым емес. Осыны жыр қылатындай емес, қайта аз деп шулауы тиіс журналистер жерден жеті қоян тапқандай Бибисара мен анасын қыспаққа алыпты.

«Бокста Өзбекстан алға кетті» деп жазушы едім ғой. Шахматта біз шаңында қалдық көршілеріміздің. Ол жақтa приоритетті спорт түрі ретінде мемлекеттік бағдарлама қабылданған. Ішінде шахмат та бар. Жавохир Синдаров, Нодирбек Абдусатторов сынды спортшыларымын иық тірестіре алатын бір қазақ жоқ бүгінгі күні. 2022 жылы көршілеріміз шахмат олимпиадасын жеңді, Биыл Синдаров үміткерлер турнирін мерзімінен бұрын жеңіп, Гукешпен чемпиондық титулды сарапқа салатын болады...

50 миллионы талқылағандар Бибисара үміткерлер турнирінде 2-орын алып елге оралғанда лайықты күтіп алмадық деп неге шуламады? Александр Ляхов мырза, соны бірінші көтеретін Сіз едіңіз, алайда федерацияның сізге өткізген бірденесі бардай әр комментке жауап ретінде Бибисараға бөлінетін қаражат туралы ақпаратты сала беріңізсі. Сіз қалай ойлайсыз, еліміздегі жалғыз ТОП спортшыға лайықты бағасы беріліп жатыр ма?!

«Qazaq» республикалық газетінің ұжымы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ақпарат және коммуникациялар департаменті Ақпараттық жұмыс және мониторинг секторының басшысы Баяндина Гүл Құттыбекқызына ұлы **Баяндин Жақназар Алтынбекұлының** мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, марқұмның туған-туыстарына көңіл айтады.

«QAZAQ» ГАЗЕТІ ҚАЙДА САТЫЛАДЫ ЖӘНЕ ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ?

«Qazaq» газеті Алматыда:

- «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде;

- «Сайран» халықаралық автобекетінде;
- Алматы метрополитенінің «Жібек жолы», «Алматы», «Абай», «Байқоңыр», «Әуезов атындағы драма театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу» бекеттерінде тегін таратылады.



«Qazaq» газеті Алматыда:

- «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады.



ИНДЕКСІ – 64048
1913
QAZAQ

• МЕНШІК ИЕСІ
«МИРАС ИНФО» ЖШС

• ҚҰРЫЛТАЙШЫ
МАХМУТ НӘЛІБАЕВ

• БАС ДИРЕКТОР
ҚАЛИ ҚАМБАРОВ

• БАС РЕДАКТОР
ЖАСУЛАН СҰЛТАН

2011 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ» СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ

• БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ
+7 (701) 505 48 48
+7 (777) 797 77 88

qazaq1913gazeti@gmail.com

• РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, А25D6G7,
ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ,
№128, «ТЕРЕҢҚҰР» ТК, 5-ҚАБАТ,
128-КЕҢЕС

• АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ
НАҒЫТАЙ ӘБІТАЙҚЫЗЫ
КЕҢЕС ҮШПАЕВ
ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕВА
СӘБИТ БАЙЗАҚОВ
САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ
СЕРІК ШАЙМАН
КӨБЕЙСІН АЛТЫНБЕКОВ

• КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР
ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ



- Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы №17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді (Алғашқы есепке қою №6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды).
- Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ұйытқы болуымен жарық көрді, 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен №267 санынан қайта шықты.
- Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.
- Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына / тіліне жауап бермейді.
- Газет әр аптаның сәрсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым арқылы және Алматыда «Сайран» автобекетінде, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, Алматы метрополитенінің 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады. Бағасы «Караван» дүңгіршектерінде 80 теңге.

А) жариялану ақысы төленген мақалалар.

• ГАЗЕТ
«АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ» АҚ
(Алматы қ., Мұқанов к-сі, 223«В»),
«ӨМІР-НҰР» ЖШС
(Талғар қ., Қонаев к-сі, 18)
БАСПАХАНАЛАРЫНДА БАСЫЛДЫ
• Тапсырыс №907 /32
• Таралымы 10 000 ДАНА





25th

KAZAKH-BRITISH
TECHNICAL
UNIVERSITY

Университет таңдау тек оқу орнын таңдау емес. Бұл баланың қандай ортада қалыптасатыны, қандай білім алатыны және ертең еңбек нарығында өз орнын таба алатыны туралы шешім.

Қазақстан-Британ техникалық университеті 2001 жылдан бері IT, инженерия, бизнес және қаржы салаларында маман дайындап келеді. Бүгінде университет түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші 98 пайызды құрайды. Бұл нәтижеге не себеп болды?



GOOGLE, MICROSOFT, APPLE – ҚБТУ ТҮЛЕКТЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН КОМПАНИЯЛАР



УНИВЕРСИТЕТ – БҰЛ ОРТА

Академиялық бағдарламалармен қатар ҚБТУ-да клубтар, жобалар, технологиялық және бизнес бастамалар жұмыс істейді. Студент мұнда тек диплом алып қоймайды, кәсіби орта мен байланыстар арқылы өз бағытын да қалыптастырады.

БІЛІМ – НАРЫҚ ТАЛАБЫМЕН БІРГЕ

ҚБТУ-да оқу тек теориямен шектелмейді. Университетте 30-дан астам заманауи зертхана жұмыс істейді, соның ішінде Honeywell, Huawei, Schneider Electric және Siemens компанияларымен бірлесіп ашылғандары бар. Студенттер нақты жобаларда жұмыс істеп, индустрия өкілдерімен ерте кезеңнен байланыс орнатады.

Энергетика мектебінде мұнай инженериясы зертханалары бар; Геология мектебінде қолданбалы модельдеу жүргізіледі; АТ мектебінде GameLab KBTU, робототехника және киберқорғаныс зертханалары жұмыс істейді.

АВЕТ АККРЕДИТАЦИЯСЫ: ДИПЛОМ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ТАНЫЛАДЫ

ҚБТУ бағдарламаларының бір бөлігі АВЕТ аккредитациясынан өткен. Бұл инженерлік білімнің халықаралық сапа стандарты. Студент үшін бұл дипломның әлемдік кәсіби кеңістікте бағалануын білдіреді.

ТӘЖІРИБЕ – БІРІНШІ КУРСАН

«ҚазМұнайГаз», «QazaqGaz», «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг» сияқты ірі компаниялар-

мен серіктестік аясында студенттер нақты өндірістік жобаларға қатысады. Мансап орталығы жылына екі рет жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізеді, ірі компаниялар студенттер арасынан болашақ қызметкерлерін осы алаңда іріктейді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттерге Еуропа, Азия және Ұлыбритания серіктес университеттерінде бір семестр немесе толық жыл оқу мүмкіндігін береді. Қаржыландыру: жеке қаражат, ҚР ҒЖБМ гранты немесе Erasmus+ стипендиясы.

Қазақстан теңіз академиясының студенттері бөлек мысал: олар Каспий теңізінде 365 күндік тәжірибеден өтіп, Грузияда бір айлық өндірістік тәжірибе алады.

ҚАЗАҚСТАНДА БАЛАМАСЫ ЖОҚ БАҒЫТТАР

ҚБТУ ұсынатын кейбір мамандықтар елде сирек кездеседі. Уран өндірісі саласындағы мамандандыру стратегиялық индустрияға кадр даярлайтын бірегей бағдарлама болып табылады.

Биыл енгізілген ойын индустриясы бағыты цифрлық экономиканың жаңа сұраныстарына жауап береді. Оқу үдерісінде жасанды интеллект құралдарын кәсіби қызметке енгізу де ерекше орын алады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДАҒЫ НӘТИЖЕ

ҚБТУ командасы бағдарламалау саласындағы ең беделді жарыс ICPC-тің финалына бірнеше рет шыққан. Eco Showcase Competition халықаралық байқауында бірінші орын, CAU CTF жарысында үшінші орын, Түркістандағы жасанды интеллект хакатонында бірінші орын алды. Бұл соңғы жылдардағы нәтижелердің бір бөлігі ғана.

Қабылдау комиссиясы:
kbtu.edu.kz | +7 (727) 357 42 51
| admission@kbtu.kz

МАҚАЛАНЫҢ
ТОЛЫҚ
НҮСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ

